

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Инновациялық Еуразия Университеті

Магистратура

«Журналистика және қазақ филологиясы» кафедрасы

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Сын есім шырай категориясы теориясының қалыптасуы

6N0205 «Филология: қазақ филологиясы»

Орындаушысы: _____ **Нұрбанова**
А.Қ.

(күні, қолы)

Ғылыми жетекшісі:
филология ғылымының
докторы, профессор _____
Сағындықұлы Б.

(күні, қолы)

Қорғауға жіберілді.
«Журналистика және қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымының
кандидаты, профессор _____
Резуанова Ғ.К.

(күні, қолы)

ПАВЛОДАР - 2006

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ БӨЛІМ	4
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	7-70
1 СЫН ЕСІМНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ	7-50
1.1 Есім сөз таптарындағы сын есімнің орны және шырай категориясы	7
1.2 Шырай категориясы түрлерінің зерттелуі	
1.2.1 Орыс, түрік тіл білімінде зерттелуі	18
1.2.2 Қазақ тіл білімінде зерттелуі	37
2 ШЫРАЙ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ	51-70
2.1 Тілдегі «жай шырайлық» қызмет	51
2.2 Шырайдың жалпы категориялық мәні	59
2.3 Шырай түрлеріне қатысты жұрнақтардың сипаттамасы	63
ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ	71
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	76

Аңдатпа

Бұл диссертацияда есім сөз таптарының күрделі бір түрі сын есімнің лексика-семантикалық, грамматикалық сипаты, мазмұны баяндалып, сондай-ақ оның жалпы сөз таптарындағы және есім сөз таптарының ішіндегі грамматикалық белгісін, қызметін ашатын негізгі түрлену белгісі – шырай категориясы ғылыми тұрғыдан талданады. Осы негізде шырай категориясының ғылыми-грамматикалық теориясы ашылып, оның қалыптасу тарихы жүйеленеді. Шырай жұрнақтарын тиянақтау, зерттелу дәрежесін айқындау жолында ғылыми әдебиеттер сараланып, талданады.

В этой диссертации описываются лексико-семантические, грамматические признаки имени прилагательного. Особенно с научной точки зрения анализируется степень сравнения прилагательных. На этом основании раскрывается научно-грамматическая теория категории степени. Для определения

уровня исследования суффиксов степени имен прилагательных анализируется научная литература.

In this dissertation the lexico-semantic and grammatical qualities of adjectives are described. Particularly, degrees of comparison of adjectives are analysed from the scientific point of view. On this ground the scientific-grammatical theory of degrees of comparison is opened. In order to define the level of researching suffixes of degrees of comparison scientific literature is analysed.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты қоғамдық өмірдің көптеген саласында өрісінің кеңейіп, жан-жақты атқарар қызметінің өсе түскені белгілі. Осы ретте тілдің дамып, өркендеу барысында сөз мағынасы мен оның даму заңдылықтарын арнайы қарастырудың мәні зор. Өйткені тілді адамдар арасында қарым-қатынас жасаудың құралы деп танысақ, сөздер сөйлем құрамында өзара семантикалық, синтаксистік үйлесімділікте айтылғанда ғана белгілі бір ақпаратты жеткізе алады. Сөз мағынасы өзге сөздермен тіркескенде әр қырынан көрінеді. Қазақ тілінің сөздік

байлығынан ерекше орын алатын заттың сын, сапа, белгі, қасиеттерін білдіретін сын есім сөздердің қолданыс аясы өте кең.

Жалпы әр сөз табының өзінің ерекшелігі, яғни сөз таптарының ішінде өзінің алатын орны болады. Бұған сөз табының жауап беретін сұрағы, анықтамасы, грамматикалық белгілері, жалпы категориялыды мағынасы (егер болса) , сөйлемде атқаратын қызметі т. б. қызмет етіп, әр сөз табының өзіндік белгісін танытады. Бұл жерде айтайын деп отырғанымыз – есім сөз таптарындағы сын есімнің ерекшелігі.

Қазақ тіл білімінде заттың әр түрлі сыны, сапасы мен белгілерін білдіріп, зат есімдермен тіркесіп, есімді сөз тіркестерінің арнаулы бағыныңқы сыңарын құрайтын сын есім сөз табы зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Осы уақытқа дейін қазақ тілінде сын есімнің сөз табы ретінде алатын орны, сапалық сын есімнің шырай категориясы, сын есімдердің семантикалық топтары, субстантивтенуі, синтаксистік қызметі мен тіркесімділік қасиеті бірнеше зерттеу жұмыстарына арқау болғандығы, сондай-ақ соңғы кездері сын есім сөзжасамдық тұрғыдан да қарастырыла бастағандығы белгілі. Бұл орайда қазақ тіл білімінде Ғ.Мұсабаев, Ә.Қайдар, А.Ысқақов, М.Томанов, Ә.Төлеуов, С.Исаев, Е.Жанпейісов, Т.Сайрамбаев, Ж.Шәкенов, Ф.Оразбаева, Е.Ағманов, Ж.Сарбалаев, Г.Сыздықова, Ұ.Серікбаева т.б. зерттеулерін атап өтуге болады. Дегенмен сын есімдерге қатысты әлі де жүйелі зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі – шырай категориясы.

Зерттеу тілінің өзектілігі:

Есім сөз таптарындағы, жалпы сөз таптарындағы шырай категориясының орнын айқындау.

Зерттеу жұмысының нысаны:

Қазақ тіліндегі сын есімнің шырай категориясы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

Шырай категориясы жайлы мағлұматтарды тиянақтау, анықтау. Сын есім шырай түрлеріне қатысты зерттеулерді жинақтау, мысалдық деректермен жұмыс. Негізінен әр сөз табы басқа сөз таптарынан өзіне тән бір ерекше қасиетімен ажыратылып, ерекшеленеді. Бұл диссертациялық жұмыстың мақсаты сын есім сөз табының ерекше қызметін анықтап, көрсету болғандықтан, басқа сөз таптарының қасиеттеріне нақты тоқталып, сөз болмайды. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті: «Шырай категориясы жайлы мағлұматтарды тиянақтау, анықтау; сын есім шырай түрлеріне қатысты зерттеулерді жинақтау, мысалдық деректермен жұмыс жасау». Бұл мақсатқа жету жолында, біріншіден, «сын есімнің ерекше категориясы – шырай категориясы» деген тұжырымды нақтылау қойылады. Шырай категориясы жөнінде зерттеулер жасап, өз пікірлерін жазған ғалым-зерттеушілердің пікірлері, берілген анықтамалардың жиынтығы, ой сәйкестігі талданады. Бұл жерде баяндау, жинақтау, талдау әдістері қолданылады. Жұмыстың міндетіне жататын мысалдық деректер сын есім шырай категориясына берілген нақты анықтама-ережелерді орнықтыру, әр ғалымның шырай категориясының түрлеріне байланысты берілген тұжырым-пікірлерін нақтылау мақсатында терілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері:

Шырай категориясы теориясын қалыптастыру. Шырай жұрнақтары тиянақталады; зерттелу дәрежесі айқындалады; теориясы қалыптасады. Жұмыстың жаңашылдығына «шырай категориясы теориясын қалыптастыру» жатады. Бұл қазіргі кезде тіл білімінде нақтыланбай тұрған, зерттеуді қажет ететін мәселе екені анық. Өйткені, зерттеушілердің шырай түрлеріне байланысты берген тұжырымдары сәйкесе бермейді. Осы пікірлерді талдау, шырай категориясы теориясына нақты тұжырым жасау үшін әлі де зерттеме жұмыстары қажет. Осы диссертациялық жұмыста шырай категориясы теориясын, қосымшаларын тиянақтау алға қойылады.

Зерттеу жұмысының материалдары:

Зерттеу жұмысының материалдары көркем шығармалардан, публицистикалық газет-журналдардан т.б. жиналды. Зерттеу жұмысында мынадай әдістер мен тәсілдер қолданылды: сипаттау, жинақтау, қорыту, құрылымдық-семантикалық талдау, тарихи-салыстырмалы, логикалық талдау әдістері.

Зерттеудің теориялық маңызы:

Есім сөз таптарына, оның ішінде сын есімге нақты анықтама-ережелерді орнықтыра түседі.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы:

Зерттеу тақырыбының қазақ тіл білімінің морфология, лексикология, семасиология, синтаксис, сөзжасам мәселелеріне тікелей қатысы бар. Оқыту жүйесінде тез және оңай меңгертудің жолдарын белгілеу.

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы:

Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен қорытындылары «V Сәтбаев оқулары» атты жас ғалымдар, студенттер және

оқушылардың республикалық ғылыми конференциясында, «Павлодар университетінің хабаршысында» мақала ретінде жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылысы:

Диссертация жұмысы кіріспе бөлімнен, негізгі бөлімнің 2 тарауынан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1.1 Есім сөз таптарындағы сын есімнің орны және шырай категориясы

«Сын есімдер септік, жекелік-көптік категорияларына ие бола алмағанмен, айрықша, өзінің ерекше категориясымен, атап айтқанда, шырай категориясымен сипатталады».
(А.И.Смирницкий)

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен дәлелдемелер бар. Олардың бірі бойынша, сөз таптары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса, екіншілері бойынша, сөз таптары сөздердің формальды-грамматикалық категориялары, үшіншілері бойынша , сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады. Ғалым К. Аханов: «Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық категориялары деп қарайтындар сөздер өзіне тән белгілері, атап айтқанда, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша топталып, тиісінше

белгілі бір сөз табына телінеді деп есептейді» – дейді [1, 361]. Мысалы, А. А. Шахматовтың пікірі бойынша, әрбір сөз табының мағынасы сөздің негізгі, яғни лексикалық мағынасы мен оған қосымша грамматикалық ұғымдардың, грамматикалық категориялардың жиынтығынан құралады. Орыс тіл білімінде акад. В. В. Виноградов және т. б. грамматистер де сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп есептейді. Ф. Ф. Фортунатов сөз таптарын формальды-грамматикалық категория деп қараса, О. П. Суник сөз таптарын классификациялауда тіл білімінде негізге алынып жүрген заттылық, атрибутивтік, іс-әрекет тәрізділерді лексикалық мағына емес, жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. Оның пікірінше, заттылық – зат есімді басқа сөз таптарынан ажырататын жалпы грамматикалық мағына [7, 361-362]. К. Аханов: «Лексикалық мағыналары әр басқа сөздер сөз табына қатысы жағынан бір ыңғайлас, бір сипаттас болып, ол сөздер сөз табы ретінде жалпылама ортақ, сол сөз табына тән, жеке нақтылы сөздердің мағыналарынан абстракцияланған бір ғана мағынаға ұласады» -- деп жазған. [1, 365].

Лингвистердің екінші тобы, сөз табының мағынасын грамматикалық мағына немесе жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. К. Аханов: «Егер сөз түрлендіруші аффикстер мен сөз тудырушы және форма тудырушы аффикстердің грамматикалық мағыналарды білдіріп, ол аффикстердің де мағыналары грамматикалық мағыналар деп аталып жүргенін ескерсек, сөздердің сөз табы ретіндегі мағынасын да грамматикалық мағына деп атау тиімді бола алмайды » -- дейді [1, 365]. Ғалымның пікірін ескеріп, сөздердің сөз табы ретіндегі

мағынасын да грамматикалық мағына деп тиянақтай алмаймыз. О. П. Суниктің пікірінше, сөз таптарында жүйе бар, ол жүйе сөз таптары жалпы грамматикалық мағыналары жағынан ажыратылады. [9, 366]. Мысалы, зат есімнің заттылық деп аталатын жалпы грамматикалық мағынасына атрибутивтік, процессуальдық мағыналарға ие болатын сөз таптары мағыналар жағынан қарсы қойылу арқылы ажыратылады. Жалпы тіл білімінде есім сөз таптарын бір-бірінен ажыратуға, олардың грамматикалық белгілері, яғни морфологиялық және синтаксистік белгілері қызмет етеді. Мысалы, -шы (-ші), -м (-ым,-ім) жұрнақтары зат есімдерге (*етікші, малшы, жазушы, өнім, сенім және т. б.*), -лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті), -ғыш (-гіш, -қыш, -кіш) жұрнақтары сын есімдерге (*сулы, ажарлы, ұқыпты, айтқыш, сенгіш және т. б.*), -ла (-ле, -да, -де, -та, -те), -а (-е) жұрнақтары етістіктерге (*тағала, шегеле, гүлде, сына және т. б.*) тән жұрнақтар және осы белгісімен бір сөз табы екінші сөз табынан ерекшеленеді.

Сын есім – семантика-грамматикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктері мен сөз тудыру, сөз өзгерту амалының жүйесі жағынан да, синтаксистік қызметі мен қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі. Сын есімдер заттың көлемін, аумағын, салмағын (*кең бөлме, биік тау, ауыр жүк*), мөлшері мен түр-түсін (*жас бала, кәрі адам, ақ гүл, әдемі қыз*), дәмі мен иісін (*тәтті алма, жақсы иіс май, хош иісті гүл*), құбылыстың, іс-әрекеттің, мезгілдің сипатын, қасиетін, сынын (*отты жер, шөпті жер, сусыз жер, орманды дала, алғыр студент, білімді студент, жазғы демалыс*) т. б. білдіреді. Сын есімнің табиғи қызметі ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың алуан

түрлі қасиетін, сындық белгісін білдіру болады. Өйткені қандай белгі, сапа болмасын негізгі затқа, құбылысқа арқа тірейді [3, 83]. Мысалы, *Үлкен үйге кірген соң, бәрі де кішірейіп кеткендей, отырғанда құмандай ғана болып қалыпты* (Ғ. Мүсірепов). *Семіз қоңыр төбел ат жай ғана басып, тізгін соза бас изей түсіп, жүріп келеді* (М. Әуезов). *Әзімбай қалың қызыл қабағы мен суық бітік көзін әр кедейге оқша қадап қойды да, Мағашқа сөйледі ...* (М. Әуезов). Бірінші сөйлемдегі “үлкен” сын есімі үйдің көлемін ашып тұр. Екінші сөйлемдегі “семіз”, “қоңыр” сын есімдері жылқы малының түр-түсі мен сипатын көрсетіп тұр. Үшінші сөйлемдегі “қалың”, “қызыл” сын есімдері қабақтың түр-түсін, ал “суық”, “бітік” сын есімдері көздің сипатын көрсетіп тұр. Бұл жерде белгі, сапа, сипат белгілі бір зат атауымен (үй, ат, қабақ, көз) тіркесіп қана қолданылып тұр делік. Ал осы сын есімдерді алып тастап оқысақ, атауды білдіруші сөздер сын-сипатынан, негізгі оқырман көріп отырған ерекшелігінен айрылып қалады. Бірінші сөйлемдегі адамдардың кішірейіп қалғандықтарын қарама-қарсы мағынадағы сипаттаушы сөздерді (үлкен-кіші) қолдану арқылы ерекше танытып тұр. Екінші сөйлемде аттың жүрісінің баяулығын оның семіздігінен деп түсіндіруге болады (семіз ат қатты жүріске, шабуға жарамайды) Үшінші сөйлемді «Әзімбай өзінің қабағы мен көзін әр кедейге қадап қойды ...» делік, қандай көзін? Әзімбайдың осы жердегі көңіл-күйін, жиналған адамдарға деген көзқарасы қандай? түсініксіз, көз алдымызға елестетерлік сурет, белгі жоқ. Осы жерден зат есім де сын-сапа, белгі иесі сын есімге тәуелді екенін аңғарамыз.

Қазақ тіліндегі сын есімдер өз мағыналарында септелмейді, оларға көптік, тәуелдік жалғаулары да

қосылмайды. Ғалым К. Аханов бұл жөнінде былай деген: «Сын есімдерде зат есімдерге тән септік категориясы да, жекелік-көптік категориясы да жоқ» [1, 368]. Сонда, сын есімдердің жекеше-көпше болып түрленбеуі оны ажырататын ең басты морфологиялық белгі болып саналады. Ал егер септік, көптік, тәуелдік жалғауларының бірі сын есімге қосылса, онда заттанып, субстантивтеніп кетеді. Мысалы, *Біреуі көк, біреуі жер тағысы, адам үшін батысып қызыл қанға* (Абай). *Қызылға қонған қарғадай* (халық әні). Осындағы бірінші мысалдағы “қызыл” сөзі сын есім де, ал екінші мысалдағы зат есім мағынасында қолданылған.

Лексика-семантикалық, грамматикалық жағынан ерекше бөлініп жататын сөз табынаң бірі – сын есім. Сын есім – семантика, грамматикалық жағынан, яғни морфологиялық ерекшелігі мен сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздерімен тіркесіп қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі. Сын есім – семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, көлемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер.

Зерттеуші Ф.Оразбаева өз еңбегінде сын есімді синонимдермен тіркестіре қояды да, ол жөнінде былай дейді: «Сын есім синонимдер заттың не құбылыстың қасиетін, сапасын, көлемін, салмағын, түр-реңі мен сыр-сипатын өзара мәндес сөздер арқылы жан-жақты алып көрсетеді» [12, 4]. Осыған тағы да былай деп қосады: «Сын есімдер – сөздердің басқа лексикалық-грамматикалық топтарына қарағанда табиғаты жағынан экспрессивтік және эмоциональдық қасиетке жақын сөздер.

Олар сындық сапа-белгілерді атап қана қоймай, белгілі бір құбылыстардың жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз жақтарын да көрсетеді. *Ұзын-сұмб, қолаң, дарқан, дұшпан, қас, меңіреу, керең, мүкіс, тосаң, зәулім, заңғар* сөздері – лексикалық мағынасымен қатар экспрессивтік мәні бар сындық атаулар. Бұл сөздердің әрқайсысы белгілі бір сындық қасиеттерді білдіре келіп, осы сапалық белгілерді асыра күшейте көрсетеді» [12, 112].

Жалпы түркі тілінде, оның ішінде қазақ тілінде, сын есімнің орыс тіліндей морфологиялық көрсеткіші болмауы (*жақсы бала жақсы оқиды*) – оның мағынасы мен морфологиялық белгісін ажыратуда қиындық келтіреді. Мәселен, *жақсы оқиды* дегендегі *жақсы* сөзін, үстеу функциясын атқарып тұрғандай көрінгенмен, оны үстеу деп қарамай, сын есім деп қараймыз. Сын есімді зат есімнен бөлінбеген категория деп қарау әсте болмайды. Өйткені сын есімнің кейбір жалпылық жақтарын (қайшылықтарын) былай қойғанда, өзіне тән семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілері оны басқа сөз таптарынан (зат есім мен үстуден) айқын бөледі. Сын есімнің табиғи қызметі – ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың әр алуан қызметін, сындық белгісін анықтау. Мысалы: *Абзал адам азбайды арын сүйген* (Айнабекұлы). *Жақсы тәртіп әдетке айналса ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық* (Әуезов). *Әсем қоңыр әнмен желдірте әндете түсіп отырған Дәрмен екен* (Сонда).

Сын есімнің маңызды белгілеріне ғалым С.Исаев мыналарды жатқызады:

заттың түр-түсін білдіреді: *Еділден ұшқан екі ақ қаз, Жайықтан ұшқан жалғыз қаз, Бірі – шаңқан, бірі – боз.* (С. Сейфуллин). *Қия қызыл тастардың үстінен бір ағып мұзбалақ қыран әуелеп кетті* (Сланов). Осы мысалдардағы *ақ, боз, шаңқан, қызыл* сын есімдері заттың түр-түсін білдіріп тұр.

Заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: *Абай мол, ауыр денесімен сыртына қарай бұрылды* (М. Әуезов). *Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас, разы емен, осындай бір ат мінбесем мен* (Абай). Осы сөйлемдердегі *мол, ауыр, жүйрік, берік, жуан, жуас* сын есімдері заттың көлемдік, салмақтық белгісін білдіріп тұр.

Заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді: *Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді, тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?!* (Абай). *Надан білгіш бола ма мақтанменен, Мәстек шауып тұлпардан бәйге ала ма. Қадірлеп асыл жабу жапқанменен* (С. Торайғыров). *Кеңгірбайдай теріс азу, мықты биі шыққан ел* (М. Әуезов). Бұл мысалдардағы *әдемі, надан, асыл, мықты* сын есімдері заттың сапалық белгілерін анықтайды.

Заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *Қалың құмның арасынан самарқауланып аққан ...* (Майлин). *Желдің жұмсақ лебі шипа тәрізді тиеді* (Сейфуллин).

Затқа, қимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: *Өрлетіп өрге нұрлы өмір, Жайнатты елдің райын* (Жароков). *Балуан Шолақ Үйсіннің білікті деген адамдарына сәлем айтып ...* (Мұқанов). *Еліңнен атақты ақын Абай шықты* (Тоқмағамбетов). *Қарадым саған, Жәмила, Секілді жазғы жауһазын* (Орманов). *Бүгіндегі жастарға оқу міндет*

(Торайғыров). Биылғы жайлау – жылдағы жаулау емес (Әуезов).

Сын есімнің кейбір тобы заттың түсін, түрін, сапалық, көлемдік белгісін-, қасиетін білдіретін болса, енді бір тобы белгілі бір заттың жай-күйін, құбылыстың, қимылдың сындық сипатын, қарым-қатынасын білдіреді. Осы секілді сын есімге тән басты белгілер деп морфология саласын зерттеушілер Н.А.Оразахынова, Ж.Т.Исаев, Г.С.Сүлеева «Сөзжасам. Морфология» деген еңбекте мыналарды көрсеткен:

заттың түрін, түсін білдіреді: *ақ, көк, қара, сұр, құла т. б.*

заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: *биік, кіші, тар, ұзын, жеңіл т. б.*

заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді: *жақсы, сараң, алғыр, зерек т. б.*

заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *ащы (сөз), тұщы (ас), қышқыл (қымыз), тәтті (су), жұмсақ (төсек) т. б.*

затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: *тасты (жер), балалы (үй), білімді (жігіт), көтеріңкі (көңіл), сусыз (арна), аспалы (шам) т. б.*

Көптелу, септелу, тәуелдену категорияларының сын есімге тән болмауы – оның морфологиялық ерекшелігінің бірі. Егер сын есім белгілі бір сөйлемде тұрып тәуелденсе, көптелсе, септелсе, субстантивтенеді де заттық мағынаға ауысады. Мысалы: *Жаманымыз жолаушы кетіп еді. Жаманға сөз өтпейді.* Мұнда сын есімнің негізгі мағынасына қосымша мағына үстеуші морфемалар – тәуелдік жалғауы (-ымыз) мен барыс жалғауының (-ға) көрсеткіші.

Заттың сынын, белгісін білдіріп, зат есіммен тіркесе айтылғанда, сын есімге жалғау жалғанбай, жалғау өзінен соңғы анықталатын сөзге жалғанады. Мысалы: *қара тақтам, қара тақталар, қара тақтаның*, т. б.

Зат есім сын есімнің алдына шығып, инверсия жолымен орын ауысса, онда анықталатын зат есім ілік жалғауын, анықтайтын сын есім тәуелдік жалғауында келеді. Мысалы: *Бидайдың көгін ормау керек (көк бидайды ормау керек дегеннің орнына)*.

Сын есімнің морфологиялық белгісінің бірі – шырай категориясы. Мәселен: сын есім күшейткіш буынмен (*үп-үлкен, қып-қызыл, сап-сары* т. б. түрінде) келуі оның өзіне ғана тән белгісі. Мұны *жігіт десе жігіт екен* сияқты сипаттамалы сөз тіркесіндегі мағынамен аналогия жасауға болар еді.

Сол сияқты күшейткіш үстеулердің сын есімнің сапалық қатыстық түрлерімен тіркесуі де оның негізгі бір синтаксистік белгісі болмақ. Мысалы, *өте жақсы, өте ақылды, сәл кішкене, тым келіссіз* т. б. бірақ мұндай қасиет тек кейбір үстеулерге ғана тән. Мысалы: *Өте кейін қалды. Тым соң шықты.*

Шырай тудыратын *-лау, -леу* және т. б. морфологиялық формалар көбінесе сын есімге жалғанады. Мысалы: *қызылырақ, сарырақ, қызылдау, сарылау* т.б. Мұнан жоғарыдағы салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар басқа сөз таптарына жалғанбайды деуге болмайды. Мәселен, субстантивтену арқылы заттанған сөздерге (*бала-рақ, шалдау*), кейбір модальды (*аздау, азырақ, керегірек, керектеу* т. б.) сөздерге жалғана береді. Мысалы: *Сақалдан гөрі ұйысып қалған көк шуда жүнге көбірек ұқсап тұрады* (Ғ. Мүсірепов).

Сол сияқты сын есім мен үстеудің ортақ қасиеттері де бар. Айталық, *-рақ, -лау* жұрнақтарын кейбір үстеулер де қабылдай

береді. Мысалы: «*Шалдар итініп ілгерірек, жастары жасқанып кейінірек отырды* (Ғ. Мүсірепов); *Дегенмен тезірек жүрейік* (М. Иманжанов).

Тіпті бұл ғана емес, негізгі үстеу сөздердің күшейткіш үстеумен тіркесе келуі де (*өте ілгері* не *өте жақсы*) бұл екі сөз табындағы ұқсас ерекшелікті білдірсе керек. Тегінде мұның өзі *бала, шал, ілгері, аз* сөздерінде сындық мағынаның белгілі дәрежеде болуына байланысты болса керек.

Синтаксистік қызметі жағынан сын есім негізінде анықтауыш болады.

Сын есім ешқандай қосымша қосылмай-ақ, негізгі түбір күйінде заттың түрін, түсін (*ақ орамал, жирен ат*), заттың қасиетін (*қалың қарағай, тәтті тамақ*), заттың көлемдік мөлшерін (*ұзын жіп, алыс жол, тар бөлме*), заттың ішкі, сыртқы белгісін (*жалқау кісі, бүкір шал, терең көл, таза су*) білдіреді.

Сол сияқты сапалық сын есімдер екіге бөлінеді. Мәселен: *ақ, көк, қара, сары, көне, жаңа, ескі, аласа, биік, ұзын, семіз, сұлу, бұйра, жұқа, тұщы, терең, қараңғы, ыссы, қою* т. б. сияқты сын есімдер көбінесе зат есіммен ғана тіркесе, *жаман, жақсы, ұзын, қатты, қысқа, таза, қызық, толық* т. б. нәрсенің жай-күйін, қалпын, мөлшерін білдіретін сын есімдер зат есімдермен қатар етістікпен де тіркесе келеді. Мұндайда олар үстеудей сөйлемнің пысықтауыш мүшесі болып келгенімен, үстеу болмай сын есім болады. Мысалы: *Бүгін қатты жаңбыр жауды. Ол қатты сөйледі. бала орысша таза сөйлейді* т. б.

Әдетте *қызыл, жасыл, суық, жыртық, ашық, жабық* т. б. сияқты сын есімдер негізгі сын есім деп аталып жүр. Шынында да бұлар туынды сын есімдер. Айталық, *аш (-ық), жап (-ық), су (-ық)* дегенде түбір жігі анық көрінсе, *қызыл, жасыл* дегенде

ондай айырым анық байқала бермейді. Бірақ бұлардың байырғы түбірі *қыз, жас* екенін оларға жалғанған ұқсас *-ыл* қосымшасынан көруге болады.

Сын есімнің ендігі бір белгісі – морфологиялық тәсілмен арнаулы жұрнақтар арқылы өзге сөз таптарынан (*шөлейт, әскени, тарихи, оңғақ, майысқақ, жалақор, басыңқы, алғыр, қысқы, көшпелі* т. т.) қатысты сын есім жасалуы болмақ.

Сын есімдердің тұлғалық құрамы жағынан айрықша бір тобы – қос сөздерден болуы. Бұлар негізгі түбір сын есімнен де (*биік-биік, аласа-аласа, ұзын-ұзын*), туынды түбір сын есімнен де (*ақтылы-қаралы, ұзынды-қысқалы*) бола береді. Бұларға жеке екі түбірдің қосарлана айтылып, келе бірінің ықшамдалып, екіншісінің дыбыстық жаңғырығына айналған *қып-қызыл, сап-сары*, дегендерді де қосуға болар еді.

Бұлардан басқа жеке компоненттерінің дербес мағынасы көмескілену арқылы кіріккен түбір күйіне келген *төртпақ, алаңғасар, жалаңаш, жаймашуақ* т. б. сияқты біріккен күрделі түбірлі болуын, ал *қызыл, ақ сары, қара көк* т. б. сияқты тіркес күйіндегі күрделі түбірлі болуын атауға болады.

Жоғарыда сын есімге тән жалпы барлық қасиеттеріне тоқталдық. Солардың ішінен қазіргі уақытта ғалымдардың жеке көзқарастарына ілігіп жүрген, сын есімнің тек өзіне ғана тән ерекше қасиеті деп саналып жүрген шырай категориясына тоқталайық. Бұл категорияның түрлері зерттеліп, талданып жүрсе де, әлі де нақтыланып, бір пікірде талданып жүрген жоқ. Бұл зерттеу жұмысында шырай категориясы түрлері жайында айтылып жүрген талдау-пікірлер талданады. Жалпы шырай категориясы дегеніміз не? Ол жөнінде зерттеушілердің пікірлері сәйкесе ме екен? «Сын есім сөз табы басқа сөз

таптарынан қандай қасиетімен ерекшеленеді?» деген сауал қойылса, айтатынымыз – шырай категориясы. Негізінен солай. Ал бұл жөнінде ғалымдардың пікірі қандай екен? Осыларға тоқталайық.

Сын есім – семантика, грамматикалық жағынан, яғни морфологиялық ерекшелігі мен сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесіп қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі. Сын есімнің тек өзіне ғана тән ерекшелігінің бірі – шырай категориясы. Бұл жайында ағылшын тілін зерттеуші А. И. Смирницкий былай деп жазды: «Сын есімдер септік, жекелік-көптік категорияларына ие бола алмағанмен, айрықша, өзінің ерекше категориясымен, атап айтқанда, шырай категориясымен сипатталады». Ал ғалым Кәкен Ахановтың пікірі мынадай: «Зат есімдерде жекелік-көптік категориясы мен септік категориясының болуы, ал бұл категориялардың сын есімдерде болмауы немесе, керісінше, шырай категориясының зат есімдерге емес, сын есімдерге тән болып келуі аталған сөз таптарының бір-бірінен өздеріне тән грамматикалық категориялары жағынан ажыратыландығын көрсетеді» [1, 368].

Ғалым Ахмеди Ысқақов мынадай анықтама береді: «Заттың белгісі я сипаты (түсі, түрі, сапасы, көлемі, аумағы, салмағы, сыры т.б.) біркелкі болмай, рең жағынан әр түрлі дәрежеде болатынын, демек, сипатының я белгінің бір затта артық, бір затта кем болатынын білдіретін сын есім формалары шырай формалары деп аталады» [25, 184]. Және мынадай тұжырым жасайды: «Сын есімнің шырай деп аталатын категориясының мазмұны да, формасы да әлденеше заттың бір

түрлі я біркелкі белгілерінің өзара айырмашылықтарын, демек, сол біркелкі белгілердің бір-бірінен я артық, я кем екендігін анықтау арқылы туады. Екінші сөзбен айтқанда, біреуі ақ, біреуі қызыл, біреуі қара, біреуі сары, біреуі қоңыр, біреуі көк түсті нәрселерді немесе біреуі үлкен, біреуі кіші, біреуі тік, біреуі сопақ, біреуі текше нәрселерді салыстырудан шырай категориясы тумайды. Шырай категориясы я бірыңғай ақ, я бірыңғай қызыл, я бірыңғай қара, я бірыңғай сары, я бірыңғай қоңыр, я бірыңғай көк түсті әлденеше (кемі екі) заттардың реңдеріндегі ерекшеліктерді немесе бірыңғай үлкен я бірыңғай кіші делініп танылған әлденеше заттардың көлем-аумақтарындағы артық, я кемдік дәрежелерін өзара салыстыру арқылы туады. Ондай реңдер мен дәрежелер сан жағынан да, сапа жағынан да салыстырылады. өйткені біркелкі белгінің осындай сандық я сапалық айырмашылықтары, сайып келгенде, шырайларды бір-бірінен айыратын өлшеу де, тірек те, негіз де болып саналады»-дейді [25, 1886.].

Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаевтың «Қазақ тілі» оқулығында: «Заттың сындық сапасының басқа заттан артық-кемдігін білдіретін сын есім мағынасын шырай дейміз», -- деген анықтама беріледі [40, 147-148].

Ғалым-ұстаз Бектұров Шәбікен Кәрібайұлы шырайға мынадай анықтама береді: «Заттың сынының әркелкі дәрежеде болуын шырай деп атайды. Шырай деген сөздің мағынасы өң, түр, кейіп, көрік, ажар, тағы да басқаны білдіреді. Сонымен, бір түрлі түр мен түстің, сапа мен белгінің, иіс пен дәмнің әр қилы реңдерін шырай дейміз» [41, 119].

М.Қараев былай дейді: «Шырай негізінен алғанда, сапалық сын есімдерге тән категория. Сапалық сын есімдер заттың түрі

мен түсін, сыны мен сырын, сипаты мен тұрпатын, көлемі мен аумағын білдіреді» [23, 98].

Қазақ тілі грамматикасы оқулығында шырай категориясы туралы былай делінген: «Шырай категориясы – басқа сөз таптарында жоқ, тек сын есімге ғана тән категория. Бірен саран үстеу я зат есімдер –рақ формасында қолданылады, бірақ оларда шырай категориясы болған да емес, бола да алмайды. Тек біртектес сапа я сындық қасиет салыстырылады, сөз етіліп отырған категориялық форма бірінің екіншісінен я жалпы текті сападан басымырақ, молырақ екенін көрсетеді [15, 85].

«Шырай категориясы затқа, құбылысқа байланысты біртектес, бірыңғайлас сынның, сапалық белгінің, түр-түстің т. б. сапалық сипаттың артық я кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі қосымшалар үстелу немесе басқа тәсілдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімнің парадигмалық түрі» – деп жазады С. Исаев [26, 134].

1.2 Шырай категориясы түрлерінің зерттелуі

1.2.1 Орыс, түрік тіл білімінде зерттелуі

Төңкеріске дейінгі (1917 жыл) жазылған, шыққан грамматикаларда шырай туралы аталып қана қойылатын. Оларды жеке алып тексеріп, «шырай категориясы мынау» деген еңбек кездеспейді. Ал грамматикаларда айтылатын жайдың үлгісі мынадай болып келетін.

«Прилагательные качественные имеют три степени сравнения. Сравнительная степень образуется через прибавление положительной частицы -рақ/-рек, например: жақсы-жақсырақ. Часто для сравнения двух предметов тот предмет, с которым сравнивают, ставится в исходном падеже, а сравниваемый в именительном падеже. Например: *Лошадь выше коровы – ат сиырдан биік или сиырдан ат биік*. Но и в этом случае прилагательное чаще ставится в сравнительной степени, например: *мен сенен күштірек или күштірекпін. Я сильнее тебя*».

Превосходная степень, как и сравнительная, образуется из положительной степени таким образом:

Через прибавление впереди прилагательного частицы *ең*, например: *ең жақсы – самый лучший*.

Через прибавление к прилагательному одного из следующих наречий: *нағыз – самый*, *әбден – совсем*, *әбден жақсы – очень хороший*, *нағыз жақсы – самый хороший*.

Когда хотят выразить превосходство одного предмета перед другими, его повторяют два раза и во второй раз ставится в родительном падеже, например: *мынау үй үйдің биігі – этот дом выше домов в мире* [10,168].

Бұл кітапты Катаринский жазды деседі. Әңгіме оның авторында емес, сол кітаптың ғылыми дәрежесінде. Бұл Қазан төңкерісіне дейінгі шыққан грамматикалардың ішіндегі ең толығырақ жазылғаны деп танылады.

Қазақ тілінің грамматикасын жазған орыс ғалымдары Мелиоранский, Лаптев, Терентьевтер осы Катаринскийдің көлемінен аса алған жоқ. Олардың еңбектерінде де осы айтылғаннан басқа көрнекті еш нәрсе кездеспейді. Сондықтан олардың айтқанын айтып талдамаймыз.

Түрік тілдеріндегі сын есімнің шырай категориясы туралы айтылғандар қанағаттандырырлық емес. Сондықтан орыс тілі туралы айтылған шырай анықтамаларын айта отырып, түрік тілдері жөнінде айтылған, жазылған анықтамалармен салыстырып қарау -- әрі қолайлы да, әрі пайдалы да болмақ. Солай болғасын мына төмендегі анықтамаларды қарайық.

«Качество может являться слабее или сильнее обыкновенного и может существовать в одном предмете более чем в другом и чем во всех других» – дейді Востоков [9, 58].

Бұл анықтаманың дұрыстығы – шырайдың негізгі шыққан жерін қарауында. Бұрыстығы -- өзі тұрған қоғамдағы дүние тану көзқарасынан аса алмай, салыстырылатын заттардың қатынасын көре алмай, бұрыннан «сапа нормасы» бар деген тұрғыдан қарауында. Сөйтіп, реалистік қорытындыға келуінде.

Востоковтың ізімен осы тұрғыдан қарап айтқандардың (Павский, Давыдов және т. б.) анықтамасында айырмашылықтары бар, бірақ принцип жөнінен айырмашылығы жоқ.

Ғалым В.В.Виноградовтың пікірі мынадай: «Имя прилагательное – это грамматическая категория, формирующая и объединяющая слова, которые означают признак предмета (качественный, относительный или указательно-определительный) и которые являются определяющими имена существительные и обычно согласуемыми с ними в роде, числе и падеже частями речи. Семантической основой имени прилагательного является понятие качества» [6, 157].

Бұл пікірге ұқсас тілші Гречтің айтқаны: «В именах прилагательных качественных выражается степени сравнения, показывается, что один предмет превосходнее другого в каком-либо качестве или что он во всем качестве превосходнее всех предметов того же рода» дейді[8, 97].

Заттық қатынасқа үлкен мән бере отырып, дұрыс позициядан қарай отырып, сапа мен объектінің бірлігін айта алмағанын байқауға болады. Осының салдары бір жақты анықтамаға келіп соққан. Соның өзінде бұл жоғарыда айтылған адамдардың анықтамасынан анағұрлым жоғары

екендігі анық көрінеді. Дегенмен біздің тұсымыздағы тіл ғылымына қолдануға келмейтіні түсінікті.

Ал, одан кейінгі кезеңдегі оқымыстылардың көзқарастарына тоқталатын болсақ, олардың ішіндегі көрнектілерінің бірі профессор В. А. Богородицкий шырай категориясын мүлдем «психологиялық момент» деп қарайды. Шырай дегеннің өзі ойдың сапалық өзгерісі яғни «субъективтік категория» деп, заттық шындықтан бөліп алып, жеке қарайды.

Шапиро: «Суффиксы -ее/ей/-е указывают, что признак имеется у данного предмета большей степени чем у другого» дейді.

Сөз жоқ бұл формалистік анықтама. Мұнда заттық қатынас, сапаның затпен араласуы, ойлау процесіндегі синтаксистік қарым-қатынастардың бәрі жоққа шығады.

Осының ізімен кеткен Финкель А. М., Боженков Н. М. және басқалары формальдық белгілерін алады.

«Степени сравнения – формы качественных имен прилагательных наречий, служащие для обозначения различных степени качества. Положительная, сравнительная, превосходная степени сравнения» –деп жазған профессор Ушаков Д. Н. [8, 118].

Ал, «Степени сравнения – морфологические или образование сочетанием со служебными словами формы прилагательных и наречий, выражающие сравнительно большую степень качества» -- профессор Жироков Л. И. (Лингвистический словарь, 1945 г.)

Бұл категория туралы Пешковский, Бархударов және басқаларының айтқандарын қоя тұрып, нақты толығырақ, дәлірек айтқан атақты ғалым В. В. Виноградовтың атын атауға

болады. Оның «Современный русский язык» деген еңбегінде толық айтылған және бұрын ашылмай, көмескі жүрген мәселелердің беті ашылған. Кітапта оларды нақты айтқан.

Түркологтардың ешқайсысының еңбегінде шырай категориясының анықтамасы жоқ. Айтылса да, жалпы айтады.

Түрік системалы тілдерді зерттеушілер Баскаков Н. А., Дыренкова, Кононов А. Н., Дмитриев Н. К. және басқаларының жазған грамматикаларында шырай категориясына арнаулы анықтама беріліп айтылмайды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде шырай нақты зерттелмесе де, шырай категориясының бар екенін мойындайтыны көрінеді. Барлығы да бір ауыздан шырай категориясы бар дейді. Бірақ әрқайсысы әр түрлі тіл ерекшелігіне қарай, өзгешеліктерін ескере отырып, азды-көпті тексеріліп отырған тіл фактілерін береді.

Қазақ тілін тексерушілер: Мелиоранский, Катаринский, Лаптев және басқаларының да зерттеулерінде нақты анықтама берілмеген.

Қазақтың орта мектебіне арнап, грамматика жазушылардың пікірлері жоғары айтылғандардан гөрі өзгешерек.

Олардың ішінде ғалым С. Аманжолов, Ғ. Бегалиев, І. Сауранбаев, С. Кеңеспаев пен Жиенбаевтың грамматика еңбектерінде шырай категориясы туралы жазылған. Ғалым Ғ. Бегалиев пен профессор Н. Сауранбаев өз еңбектерінде шырай категориясына қатысты мынадай пікір жазған: «Шырай категориясы заттың сапасын, сынның қаншалық артық, қаншалық кем екенін білдіреді, екінші сөзбен айтқанда, сапаның дәрежесін білдіреді» [21, 128].

Профессор Ісмет Кеңеспаев пен Жиенбаевтың грамматикасында шырай категориясына жалпы берілген анықтама жоқ. Бірақ шырайлардың әрқайсысына арнаулы анықтамалар бар. Мысалы: «Нәрсенің сапасы мен сынын салыстыра келіп, оның басқа нәрселерден артық-кемдігін көрсететін сын есімді талғаулы шырай дейміз» [22, 181]. Осы тәрізді анықтамаларды басқа шырайларға береді.

Жоғарыда келтірілген Н. Сауранбаевтың «заттың сапасының қаншалықты артық, қаншалықты кем екендігін білдіреді» анықтамасына тоқталып көрелік. Осы сапаның артық, кемдігін қалай, қандай жолмен білдіреді? Бұл жерден нақты бір «норма» бар деген түсінік тууы мүмкін. Автор мұндай түсінікті дәлелдеп жатпайды, яғни бұл анықтаманың дұрыс құрылмағанын біз түсінеміз. Шынында да белгі, сапа сын есімнен өзі болмайды. Бұлар заттың болмысының бір көрінісі. Белгісіз зат жоқ. Затты белгісі арқылы танимыз. Сөйтіп, өзінің болмысын объективтік шындық дүниесінде атрибут арқылы көрсете отырып, басқа заттан айырмасының болуын анықтауы сөзсіз. Біз оны осы белгілері арқылы танимыз. Бірақ бұл белгілер бірінде көп, бірінде аз болуы, бірінде артық, бірінде кем болуы мүмкін. Сөйтіп затты тану жолының ең бастысы – екі заттың біркелкі белгісін біріне-бірі салыстырып барып тану.

I. Кеңеспаев жазған екінші анықтамадағы: «бір нәрсенің сапасы мен сынын салыстыра келіп, оның басқа нәрселерден артық, кемдігін көрсететін сын есімді талғаулы шырай дейміз» дегендегі жетпей тұрғаны – мағынаның тұрақсыздығы. Мұнда бір заттың сапасын екінші заттың сапасымен қалай салыстырамыз? Затты затпен салыстырамыз ба? Болмаса тек қана басқа нәрселермен, яғни көп заттармен салыстырамыз

ба? Міне, осылар бұл анықтамада ашылмай қалған. Салыстырылатыны түсініксіздеу. Осы екі анықтамаға ортақ кемшілік салыстырылатын сапаның көзбе көз тұруы қажет пе? Қажет емес пе? Жалпы белгілері, сапалары салыстырылатын екі, не одан көп заттардың бір жерде, бірге тұруы міндетті емес. Біз бір нәрсенің сапасын айтқанда екеуін бірдей де айтамыз. Кейде біреуін ғана айтып, екіншісін ойымызда сақтаймыз. Екі немесе көп заттардың жалпы белгілері ғана салыстырылып қоймайды. Сол екі, не одан да көп объектінің біркелкі белгілерінің саны салыстырылады. Бұл шырай ұғымының туу ерекшелігінің бірі.

XI/ ғасырдың бірінші жартысының өзінде тіл біліміне еңбегін қосқан әйгілі ағартушы Мелетий Смотрицкий шырай категориясы туралы былай деген: «Имена прилагательная, -- писал он, -- их же знаменованіе расти или малети может», и потому: «уравнение есть имене уравниваемого по степенем уравнения восхождение» [5, 76]. Бұл тұжырым жөнінде орыс ғалымы А. С. Никулин былай деп жазды: «Это весьма примитивное определение, представляющее для нас только исторический интерес, конечно, ни в какой мере не удовлетворяет научному пониманию природы исследуемой категории». [5, 7].

Сын есім сипатының өзгеруі мен осы сипаттың мөлшерлік айырмашылығын ескере отырып, М. Смотрицкий өз анықтамасында шырай категориясы қалыптасатын алғашқы формаға көңіл бөлмейді. Бұл анықтама сипат пен нысанның байланысын ашпайды. Ал енді сол байланысты бірінен бірін бөліп қарастыруға болмайды. Мұнда сипаттың сапалығының бөлінісі жоқ.

Ғылыми тіл білімінің кезеңінде де осындай талдау белгілі. Мысалы, Востоков былай деген: «Качество может являться слабее или сильнее обыкновенного и может существовать в одном предмете более нежели в другом и нежели во всех других» [5, 7].

Востоковтың түсінігі бойынша салыстыру ерекшелігі нысанның сипатының мөлшерлік айырмашылығының көрінісі ретінде беріледі. Бірақ та Востоков салыстырудың бастапқы формасы туралы түсінік келтіреді. Мұнда оның үлкен еңбегі көрінеді. Востоковтың ойынша сипаттың бір мөлшерінің асырылуы екіншісінің алдында бірнеше заттардың өзара байланысынан емес, ал алдын ала болатын байланыстардан пайда болады. Востоковтың жолымен Павский, Давыдов және тағы басқа келесі уақыттың лингвистері жүрді.

Арасында ғалым Греч ерекшеленеді. «В именах прилагательных качественных, -- деп жазды ол, -- выражаютсы степени сравнения, т. е. показывается, что один предмет превосходнее другого в каком-либо качестве или что он в сем качестве превосходнее всех предметов того же рода» [8, 8]. Бұдан шырай категориясы анықтамасында Гречтің салыстыру нысанына үлкен мән бергенін көреміз. Салыстыру, оның пікірінше, сипаттардың қатыстылығы емес, заттардың да қатыстылығы. Жалпы дұрыс жолды көрсетсе де, Греч нысан мен сипаттың бірлігі ұғымына көтеріле алмады.

Ал Богородицкийдің тұжырымы өзгеше. Ол салыстыруды психология саласына мүлдем ауыстырады. Оның түсінігі бойынша салыстыру тек материалдық нақтылық пен осы нақтылықтың әлеуметтік себептерінен бөлінген тек қана субъективтік категория.

Орыс ғалымы А. С. Никулин былай деп жазды: «Известно, что система синтаксических конструкций, образующих сравнения в русском языке, может быть разделена на две больших группы. Их мы называем условными терминами – двучленная группа сравнений и одночленная группа сравнений» [5, 9].

Ғалымның осы пікіріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі салыстырумен байланыстырып көрелік. Екі топқа бөлсек, біріншісін – екі мүшелі топ, екіншісін – бір мүшелі топ деп атаймыз. Екі мүшелі салыстыруға мысал келтірелік.

Мысалы: *Болмаса ол өзінен **кішірек** Рахымның көңілін аулайды, үмітін демейді* [М. Әуезов, 405 б.]. *Бірақ студент талдырмаш та, доктордан гөрі **мұрындырақ*** [Х. Есенжанов. 125 б.]

Бұл жерде ғалым А. С. Никулиннің мына сөзін келтірелік: «Эта группа сравнения достаточно прозрачна со стороны значения. Нетрудно видеть, что в этих примерах сравнение возникает в результате отношения, т. е. сопоставления сравниваемых объектов [5, 10].

Келтірілген мысалдардан біз екі нәрсенің бір-бірімен салыстырылып отырғанын көреміз. Яғни, бірінші мысалда Рахымның I жақта ойлап отырған адамнан жасының кіші екені, екінші мысалда студенттің доктордан мұрнының үлкендеу екені салыстырылады. Бір заттың қандай затпен салыстырылып отырғаны анық көрініп тұрғандықтан, біз бұны екі мүшелі салыстыру дейміз.

Ал тағы да мына мысалдарды келтірелік:

*Бір топ әйелдің алдында келе жатқан Шарипаның өңі **ақшыл**, ажары тәуір болатын* [М. Әуезов, 419].

Мұнда салыстырылатын нысан бір затқа емес, бірнеше затқа қарама-қарсы қойылған. Яғни, Шарипаның өңі көп әйелдердің өңінен ақшыл екенін көреміз.

Түсінуге қиындық туғызатын бұл бір мүшелі топ.

Мысалы: *Үш бала биыл көктемнен бері бір кішілеу қайыққа ие болыпты* [М. Әуезов, 299]. Оның ажары жастау [М. Әуезов, 295].

Келтірілген мысалдарда салыстырылатын екінші нысан жоқ. Кейбір лингвистер осыны салыстыруға жатқызбайды. Бұл пікірдің дұрыс еместігіне көз жеткізу үшін, мысалдарды салыстырып көрелік. Бірінші мысалда балалардың үлкен қайыққа емес, кіші қайыққа ие болғаны айтылады. Яғни, егер салыстырылатын зат айтылмаса, онда әңгіме болып жатқан зат, әрине өзі секілді затпен, құбылыспен салыстырылады. Екінші мысалдағы кімнің кіммен салыстырылып тұрғанын осының алдында берілген ойдан, яғни контекст арқылы ұға аламыз.

Тағы мысал келтірелік. Бес қабатты үйді көріп біз оны «мынау биік үй» дейміз. Бірақ, басқа көшеде сегіз қабатты үйді көре тұра, жаңағы бес қабатты үйді «өте биік үй» дей алмаймыз. Ал егер біздің қалада бес қабатты үйден басқа үй болмаса, онда оны «өте биік үй» дей аламыз. Бұл жерде салыстырылатын нысан жоқ. Мұны салыстыру қызметі жоқ, салыстыруға жатпайды деуге бола ма? Жоқ, біз ондай тұжырым айта алмаймыз. Өйткені, сегіз қабатты үйді біз бес қабатты, үш қабатты және барлық басқа нақты қаладағы үйлермен салыстыра аламыз.

Сонымен, шырай категориясы негізінің бір жағы салыстырылатын нысанның өзіне ұқсас басқа затқа қатыстылығы болып табылады. Бұл жерде, шырай категориясы туу үшін нысанның тілде немесе тек біздің ойымызда, елестетуімізде болуы міндетті емес. Бірақ, шынында да заттардың, құбылыстардың өзара байланысынан немесе қатыстылығынан асырылу тумады. Өйткені заттар емес, ал олардың сипаттары салыстырылады. Заттың сипатын көрсететін сын есімдер ғана шырай категориясының қызметін атқаратынын айтсақ та, жоғарыдағы тұжырымды түсінуге болады.

Сонымен, шырай категориясының негізін бір нысанның сипатымен басқа нысанның сипатының қатыстылығымен байланыстылығымен толықтыруға болады.

Бірақ мына сұраққа тоқталайық. Біз нені нақты салыстырамыз: жалпы сипаттарды ма, сипаттың түрлерін (мөлшерін) бе әлде бірыңғай сипаттардың түрлерін бе? Бізге белгілі, сипат өз бетінше өмір сүрмейді, сипаттың категориясы арқылы әр зат және әр құбылыс өз орнын табады. Бірақ заттар да сипатсыз өмір сүре алмайды. Яғни, нысан мен нысанның сипатын бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды.

Бізге белгілі, заттарды сипаттардың әр түрлі құрамына қарап және сипаттың әр түрлі санына қарап айыра алуға болады. Мысалы, қара үстелді ақ үстелден олардың әр түрлі түстеріне қарап айыру қиын емес. Ал екі қара түсті үстелдер бір-бірінен мүлдем ерекшеленбейді, өйткені екеуі де қара түсті, егер олардың айырмашылығы сипаттың сандық ерекшелігінде болса, яғни, үстелдердің біреуі жай қара түсті де, екінші қап-қара болса, айыруға болады.

Бірінші мысалда әр түсті үстелдер өз айырмашылықтарын толықтырып, нақтылауды керек етпейді, яғни, салыстыруды керек етпейді. Ал екінші мысалда нақтылау қажет, өйткені салыстырусыз заттардың бірыңғай сипаттары өз беттерінше айырмашылықтарын таба алмайды. Яғни бізге көрінбейді. Сонымен тек салыстыру негізінде анықталады, өйткені сипаттың сандық айырымын анықтауда шырай түрі де нақтыланады, мысалы өте қара немесе қап-қара үстел т. б.

Талданып отырған категорияның негізі сипаттың мінезіне жаңа көрсетілу арқылы толықтырылады, яғни, негізінен жалпы сипаттар салыстырылмайды. Ал бір немесе бірнеше нысанның бірыңғай сипатының мөлшері, саны салыстырылады.

Әр заттың сана қабылдайтын өзіндік нүктесі болады. Егер ол зат не құбылыс сол нүктесінен асырылып не үлкейіп, төмендеп не кішірейіп көрінсе, онда оған үлкейтілген, төмендетілген қалып беріледі. Бұл жерде ғалым Павскийдің мына пікірін келтіріп кетелік: «Стол есть нормальное, представляемое в той мере, какая ему прилична. Но когда хотим увеличить стол, тогда говорим столище; когда хотим уменьшить или унизить его, тогда говорим столик, столишко. Увеличение или уменьшение свойственны не только именам существительным, но и именам прилагательным качественным, потому что и для качеств есть тоже известная мера или норма, в которой они представляются уму...» алайда қазақ тілінде зат есімдердің өзін үлкейтіп не кішірейтіп елестетсек те, айта алмаймыз. Олай айту үшін сол заттың сипатын өзгертіп айтуымыз керек. Ал заттардың сипаттарын сын есім көрсетеді емес пе? Мысалы: «үстел – үлкен үстел немесе кіші үстел». Осы жерде тағы да ғалым Павскийдің сөзін

келтірелік: « Но сверх того в прилагательных именах, и особенно в именах качественных, которые легко могут прилагаться ко многим вещам, возможно сравнение иного рода. Посредством их можно сличать вещь не только с нормою собственного ее бытия, но и сравнивать вещь с другими вещами, качество с другими качествами». Яғни, затты затпен ғана салыстырып қоймай, ал сипаттарын асырып, күшейтіп салыстыруға болады. Осының, яғни заттың басқа заттан өзінше айырмашылығын тану мақсатында сын есімдерде шырай категориясы пайда болады. Тағы да айта кететін жағдай, егер заттың ерекшелігін тек сын есімдерге тән шырай түрлері ғана танытып берсе, онда бұл қасиет сын есімдерге ғана тән, басқа сөз таптарында жоқ белгі, ерекше категория болып табылады.

Басқа түркі тілдеріне шолу. Енді осы тұрғыдан қарағанда, түрік системалы тілдердің грамматикаларында сын есімнің шырай категориясын қалай шешкендігіне келетін болсақ, олар мынадай болып шығады:

Ноғай тілі туралы. Жазған профессор Баскаков Н. А. Сын есім мен зат есімді бірыңғай қарауының салдарынан сын есімнің шырай категориясын нақты айта алмайды. «Все качественные имена прилагательные (но не относительные и уподобительные) изменяется специальными аффиксами, образуя категории, семантически близкие и степеням сравнения в русском языке: 1) аффикс ғана, гене, қана, кене уменьшительное имя прилагательное наречие, например, аз – мало, аз ғана – маленько, кішкене – малюсенький; 2) аффикс – рақ/-рек, присоединяясь к качественным именам прилагательным, образует формы. Имени прилагательного,

указывающую на наличие признаков данного качества, например, қызыл – красный, қызылырақ – имеющий красный оттенок цвета, красноватый дейді.

Мұны сын есімнің түрлері (виды) дейді. Шырай деп аты аталмайды. Бұдан шырайдың нақтыланбағанын көреміз. Ашық пікірі осы болып табылады. Бұларда шырай демесе, басқа шырай қайдан келмек.

Шығыс септік жалғауы арқылы аралас келген сын есімді «Образует сочетание сравнения, близкое к категории сравнительной степени русского языка» дейді. Оған мынадай мысал келтіреді: «Аттан биік, иттен аласа». Дұрыс-ақ, солай болсын дейік. Басқа тұлғалар қайда? Ол туралы сөз қылмайды. Бұл кітап – мұнан әрі тереңдеп бармайды.

Бүкіл түркологтар бірауыздан қабылдаған үстеу сөз арқылы жасалатын таңдаулы шырайға ғана мойындайды. Онда «бек, ең» сөздері арқылы ғана жасалады. Мысалы: бек игі -- очень хорошо, очень хороший; ең үлкен – очень большой дегендерді айтады.

Қорыта келгенде – жалғыз «бек, ең» сөздері арқылы жасалған шырайлардан басқаның бәрін бекерге шығарады. Сөйтіп, сын есімнің шырай категориясы бекер болып табылуға бейімделеді.

Ал, осы кісінің өзі Баскаков Н. А. Қарақалпақ тілінің қысқаша грамматикасын жасағанда тілінде сын есімнің үш түрлі шырай бар деп жазды. 1) күшейту шырайы (усилительная степень) –рақ/-рек; 2) Салыстырмалы шырай (сравнительная степень); 3) Таңдаулы шырай (превосходная степень) көп, жүдә, ең дейді.

Оның мына кітабында да екі жақтылығы көрінеді. Сөз жоқ, бұл бұрынырақ жазылған еңбек қой. Сондықтан, «Ноғай тілі» кітабында соңғы кезде қорытылған көзқарасы болуға тиіс. Олай болса, шырай категориясын таныды деу де қиын. Оған факт жоғарыда айтылғандар. Оған қосымша осы «Қарақалпақ тілінің қысқаша грамматикасы».

Қырғыз тілінің маманы, И. Л. Батманов «Части речи в киргизском языке» деген еңбегінде қырғыз тіліндегі сын есімдердің спецификасы: « а) форму на -рақ/-рек обладания качества ... б) қап-қары, сап-сары. в) превосходную степень, образуемую при помощи служебных слов – ең, өте, әбден» дейді. Бұл 1936 жыл еді. Ал, 1940 жылы жазған кітабында:

Основы независимо от их принадлежности к той или иной (промежуточной или стабилизовавшейся) части речи, выступает для выражения логической категории качественных прилагательных, могут сочетаться со специфическими аффиксами, передающими различные качественные градации качества, заложенного в значении основы.

Таковы степени сравнения и образования:

1) Приуменьшительно-приблизительная степень, образуемая при помощи сочетания первого слога основы с аффиксом -ғылт, -ғылтым: *қызыл – красный, қызғылт, қызғылтым – красноватый, сары – желтый, сарылт, сарғылтым – желтоватый.*

2) Усилительная степень, образующаяся путем присоединения к основе особого, вида изменяющегося в каждом случае, префиксов... *қызыл, қып-қызыл – очень красный, красный-красный; синий – көк, көп-көк – очень синий, голубой-голубой; аппақ – очень белый.*

3) Преувеличительная степень, образуемая при помощи аффикса -раак/-реек, рөөк, роок, ыраак, ираак, үрөөк: *сулы – водянистый, сулыраак – водный, қызыл – красный, қызылыраак – более красный, ярко красный.*

Срвнительная степень передается при помощи форм исходного падежа от имени предмета, с качеством которого сравнивает качества другого предмета: ... *қарындаш сиядан көгүрөөк – карандаш посинее чернил.*

5)Превосходная степень с русского языка на киргизский передается при помощи наречий -предлогов: *абдан, ең, өте – очень, мүлде – самый* дейді.

Бұл Батмановтың бұрынғы айтқанды қойып, қырғыз тілінің шындығына, оның ерекшелігіне бой ұрғандығы анық, мұнысы әбден дұрыс.

Бұл туралы сөзді қырғыз зерттеушілеріне берейік.

«Қырғыз тілінің морфологиясын» жазған Бакеев, Бақтыбаев У. «Таңдаулы шырай жасайды» дейтін үстеу сөздерді «күшейтпе сын» дейді. Мұндағы бір мінезді факті шырай жұрнақтарын тізіп көрсету. Бұл форма бұрынғы тіл кітаптарында көрінбейтін. Мысалы: “-ыш, -ғыл, -ғылтым, -сымал, -ылтым” дегендер.; -ғыш (сарғыш), -мұқ (бозомұқ), -улдур (көгулдур)”. Бұлардың санға кіре алмай, көзге түспей, грамматикалардан орын алуға мүмкіндігі болмай келгені мәлім. Бұл барлық түрік системалы тілдердің көпшілігінде бар форма. Бірақ, ешқайсысында орнығып, шырай категориясының формалдық (тұлғалық) белгісі делініп, танылып жеткен жоқ. Ең әуелі -ақ, мұны ешбір тіл маманы шырай жұрнағы емес деп бекерге шығарғаны да жоқ. Сонымен қатар бұл формаларды нақты шырай жұрнағы деп санға да қосқандары жоқ (тек

соңғы кездегі грамматикалардан басқасы, көбінесе, бұл формалар аталмай, көзге көрінбей бүктемеде, басқа формалардың көлеңкесінде қалып қоюмен келген).

Бұл сын есім шырайларының жұрнақтары осы соңғы кезде тексеріліп, жиналып мектеп грамматикаларына ене бастады.

4.Шор тілінің грамматикасын жазған Дыренкова Н. К. шырай категориясы туралы жалаң айтылған. Онысы Дмитрев айтқандай системасы басқасы. “Орыс тілінің типологиясын қуудан” шыққан, зат есім мен сын есімді басында айырмағандықтан, сын есімнің шырайына келгенде бәрі араласып кеткен. Сын есімнің шегін ажырата алмай қалған сияқты.

Сөйтіп, шырайды біресе «бар» деп, біресе «жоқ» деп, ылғи қайшылықта қалған. Оған мысал мыналар: «Последнее (прилагательные) хотя морфологически не отличается от первых (существительных), все же имеют некоторые особенности, заключающая в том, что они могут образовывать интенсив, сочетается с так называемыми усилительными словами (эн, ең) тым и другие. Образовывать сочетания типа ап-ақ, қып-қызыл» дейді Дыренкова (8, 121 б.). Бұдан көрінетін түсінік: зат есімнен сын есімнің айырмашылығы жоқ болса да, біраз өзгешелігі бар. Онысы: 1) интенсив (күшейткіш буындар) ап-ақ, қып-қызыл. 2) күшейткіш сөздер ең, тым (тым) дегендер. Сол кітабында сын есім деген параграфында осы пікірін қайталайды. Бірақ, шырай деп атай алмайды Ал, «сравнение» деген тақырыпта, «шығыс жалғауы арқылы теңестіру жасалады». Осының өзінде барлық шырайлар араласып жүреді. Онда да шырай категориясына жуықпайды. Мұнысы шырай категориясын шеттеткендіктің ізі болуы керек.

5. Татар тілінде шырай категориясы туралы ашық айтылған. Оларда екі түрлі шырай бар дейді профессор Курбангалиев.

6. Башқұрт тілінде де төрт түрлі шырай бар деп жазады Мансұров Ә. 1) Түп дәреже «жай шырай», қызыл флаг, көк ат. 2) Сағыштыру дәрежесі «салыстырмалы шырай», мысалы, таш ағаштан қатырақ. 3) Артықлық дәреже, қып-қызыл, һап-һары. 4) Азыту дәреже (кішірейту шырайы), мысалы, қызғылт, яшһілт, ақһыл, көгелем.

7. Көп грамматиктердің ішінде сын есімдердің шырайы туралы дұрыс айтқан профессор Дмитрев. Бұл кісі шырай категориясы жөнінде өзі зерттеп отырған құмық тілінің конкрет фактілерін есепке алған. Осы тұрғыдан қарап, сын есімнің екі түрлі шырай бар дейді. 1) Салыстырмалы шырай (сравнительная степень); 2) Талғаулы шырай (превосходная степень), мұның соңғысы (үстеу сөздері арқылы жасалады» дейді. Бірақ шығыс жалғау арқылы салыстырма шырай деуі логикалық жолды формамен байланыстырамын деп тырысқаны тиіс. Олай болмағанда, салыстыру болмаса, оны білу де қиын. Әрбір сын есімнің сөздерінің арнаулы мағынасы болады. Ол біріне бірі үйлес келеді. Әрқайсысын айтқанымызда біріне бірін салыстыра айтады. Олар шығыс жалғауы болмаса, өзіне керекті шылаулық үстеулер арқылы жасалуы да мүмкін. Бұларсыз-ақ жасалуы да бола беретін іс. Сондықтан тек қана шығыс жалғауы критерии болмайтыны анық.

8. Түркмен тілінде сын есімнің төрт түрлі шырайы бар деседі. 1) Оларда (түп дәреже – жай шырай). Мұнда да басқа түрік тілдерінен басқашылығы жоқ. 2) Көмлік дәреже -- -рақ/-рек жұрнағымен -ымтил, -иттил, -үмтил, -ылт, -ғылт

жұрнақтары жасайды. Мысалы, сарғылт, ғызғылт, қарарақ, гөгірек, ағымтыл, борымтыл. 3) Сөйгілік дәреже: ақ – ақжа, ғара – ғаража. 4) Сыпаттарының артықлық дәрежесі дегенде күшейту буындары арқылы, күшейткіш үстеулері арқылы жасалатын көрінеді. Мысалы, ақ – ап-ақ, ғызғыл – ғым-ғызыл, ең, яқши, гөк, гөм-гөк.

Қысқасы шырай категориясы барлық түрік системалы тілдерде бар деуімізге болады, бірақ бәрінде емес.

9. Мұнда мысал келтірмеген Османды түрік тілі мен әзербайжан, түрік тілдері. Оларда да шырай категориясы бар. Ол тілдерде (-рақ/-рек) формасы ғана жоқ. Бұл жоқ емес, тек қана сирек қолданылады. Оның орнына басқа жұрнақтар қолданылады.

Барлық түрік системалы тілдерден шырай категориясының бір қалыпта, бір мөлшерде болуын талап етудің, әрине, орны жоқ. Тіл болған соң, оның үстіне ұлт тілі болғандықтан өзіне тән өзгешелігі болады. Сондықтан шырай категориясы әр түрлі болып кездесуі сол тілдердің нормасына байланысты. Ол өзгешелікті грамматиканың авторларына ескермей кетуге болмайтыны да анық. Сол үшін біраз түрік тілдерін қарастырдық. Сөйтіп, түрік тілдерінде шырай категориясының бар екендігіне көзіміз жеткендей болды. Қысқасы, қазақ тілінде сын есімнің шырай категориясы бар. Ол категорияның толып жатқан формалары бар. Бірақ бұл формалар арнаулы сөздерге, оның ішінде нақты сын есімдерге жалғанады. Басқа сөз табынан сын есімге айналған сөздерге жалғанатындары өте шағын. Ал, сыр сын есім түбірлеріне жалғанып, басқа сөз таптарынан сын есімге айналғандарына

сын есімнің сөз тудырғыш жұрнағының үстіне ғана жалғанады. Мысалы: *мал-ды-рақ, сүт-ті-рек, қаш-ық-ырақ, сыр-лы-рақ;*

Бұл жұрнақ сын есімнің негізгі белгісі сияқты бұдан басқалары бірде оған, бірде бұған жалғана бермейтіндік мінез көрсетеді. Мысалы, *-лау/-леу, -тау/-теу;* Бұлар да негізінен байырғы сын есімнің өзіне жалғанады да, кейде зат есімге де жалғанып тұрады. Онысы тым сирек ұшырайды. Сөзді талғап барып жалғанады. Мысалы: «көк» дегеннен «көкшіл» деп, «-шіл» жұрнағы арқылы шырай мағынасын тудырса, «-шіл» деген жұрнақ «жасыл» деген сын есімнен шырай тудыра алмайды. Осы сияқты қыз-ыл түбірі «қыз» «-ғылтым» формасын «көк» ке қосуға болмайды. «Көгілтім» деген сөз әдебиетте кездеспейді. Көгілдір дегенді «қызыл» ға апарып қосуға болмайды. «Қызылдыр» деп айтылмайды. «Сарғыш» дегендегі *-ғыш* жұрнағын қызыл, көк, жасыл деген сын есімдерге қосуға келмейді.

Сын есім біздің заманнан әлдеқайда бұрын бар екені бірен-саран ұшыраған материалдардан белгілі. Сын есімнің шырайын зерттуге көп үлес қосқан ғалым Ғайниден Мұсабаевтың мына бір зарттеуін осы жерге келтіріп кетейік: « ... сын есімнің барын хун, үйсін тілдерінен білеміз. Орта ғасырдың әдебиеттерінде сын есімнің түр-тұлғасынан асып кеткен өзгешелікті ұшыратпаймыз. Негізі осы күнгімен бірдей» дейді де, «қызлы – қызыл, ағы – ақ» деген мысал келтіреді. Көне түркі ескерткіштерінде, Талас-Орхон жазбаларында негізгі сапа сындары кездеседі. Мысалы: *ақ ат, боз ат, яшыл өкүз (өзен), торығ ат (торы ат).* Бұл мысалдарда стиль айырмашылығы, дыбыстық ерекшелігі бізді жатырқатады. Бұл жерде де ғалым

«Бізге түсініксіз ештеңе жоқ. Осындағы сөздің бәрі қазіргі тілімізде бар.

Талуы – қазіргі қазақ тілінде телегей (теңіз);

-ка барыс жалғауы;

кішіг – кіші;

тегмедім – тимедім (жетпедім);

Осыны стиль жағынан қайта құрса – теңізге аз-ақ жетпедім болар еді» деп дәлелдейді.

Яғни, сын есімнің бұрыннан өмір сүріп келе жатқанына дәлел көп екенін көреміз. Бұл сияқты қалып көне түркі тілі (үйсін, хун) тілдерінде де бар.

Түркі тілдерінің негізгі ерекшелігінің бірі – күшейткіш буын (интенсив). Бұл түркі халқының көне жазу ескерткіштерінде болмағанға ұқсайды. Бірақ орта ғасырдағы әдебиетте жиі ұшырауына қарағанда, бұл да басынан талайды кешірген.

М. Қашғари күшейткіш буынның басқы дыбысы күшейтілетін сөздің басқы дыбысымен үндес келетінін айтады. Мысалы: көк деген сапа сынын күшейтетін буын к-ден басталуы керек, ақ сөзін күшейтетін буын, а-дан басталуы керек, күшейткіш буынның соңғы дыбысы п болады. Бұл қағида түркі тілдерінің бәріне де ортақ деп дұрыс көрсетеді. Сап-сарығ (сап-сары), яп-язы (жап-жазық), түп-тұғры (түп-тура), яп-яшыл (жап-жасыл) т. б.

Көне түркі тілінде сын-сапаның артықшылығын, толықтылығын білдіру үшін сын есімдер алдынан арнаулы күшейткіш сөздер тіркестіріліп айтылған. Ондай сөздердің негізгілері мыналар: ән, ан (ен), анығ (анық), йиг (ең), бедүк (өте), джым (шым, шымқай), дүм (тым, аса). Осы жол, яғни, арнаулы күшейткіш сөздер арқылы сын есімнің интенсив

тұлғаларын жасау тәсілі, кейінгі түркі тілдерінде де, соның бірі қазіргі қазақ тілінде де әбден орнықты. Көне түркі тілінде қолданылған ен, жым, дүм, аңығ сөздері қазақ тілінде кейбір фонетикалық өзгерістермен сақталған: ең қазіргі қазақ тілінде ең (сөз соңындағы -н кейде -ң-ға айналады) түрінде айтылса, джым шым (дж>ш), дүм>дым, тым пішінде дыбысталады. Әрине, бұлардың өзі көп. Бірақ, әрқайсысының еншісіне тиген, белгілі сөздері бар. Солармен ғана үйлеседі. Мұны қазақ тіліндегі сын есім шырайының спецификасы деуіміз керек.

Қорыта келіп айтарымыз осы көп түрлі шырай жұрнағы басқа есімдерден сын есімді бөлектеудің жіктеудің негізгі бір белгісі.

Ғалым М. Томанов шырай формаларын тарихи тұрғыдан зерттеп, талдаған. «Сын есімнің шырай мәні редупликация жолымен және сын есімдерге -рақ, -лау аффикстері жалғану арқылы немесе сын есімдердің алдынан тіркес айтылатын арнаулы сөздер арқылы беріледі» деп жазады [17, 197]. Тарихи тұрғыдан осы аталған тәсілдердің қайсысы да жаңа құбылыс емес, көне дәуірден-ақ орнығып қалған жүйе. Көне түркі ескерткіштерінің материалдары осыны дәлелдейді. «Солай дегенмен де, олардың таралу шегі бірыңғай емес. Орхон-Енисей жазбаларында редупликация құбылысы, сондай-ақ, аффикстер арқылы шырай мәнін беру ұшырамайды. Бірақ бұл тәсілдер ұйғыр жазбаларында, Манихей ескерткіштерінде бар» - дейді [17, 19]. С. Е. Маловтың ұйғыр ескерткіштерінің грамматикалық көрсеткішінде -рақ аффиксін көрсетеді де, оған артуқрақ сөзін мысалға келтіреді. М. Қашғари сөздігінде мынадай фактілер бар: «зп//еп//ап - күшейтіп айту, бір нәрсені өте асырып мақтаса, эп-эггү нең -- өте жақсы нәрсе дейді. Өте

ақ, аппақ нәрсені ап-ақ дейді. «Қайталанатын буынның соңғы дыбысы көбінесе, қазіргі қазақ тіліндегі сияқты, қатаң дауыссыздарға бітеді. Алайда, А. М. Щербактың зерттеулеріне қарағанда, кейде қайталанатын буында -м, -б дыбыстары да ұшырасады. Бірақ мұндай ауытқулар бір тіл құрамында болатын дауыссыздардың ауысуы емес, әр тілге тән фонетикалық ерекшеліктермен байланысты» – деп жазады ғалым (17, 1976). -б дыбысының қолданылуы, М. Қашғари зерттеуінде қыпшақ тіліне де тән болғандығы айтылады. Алайда, қазіргі қазақ тілінде редупликация құрамында мұндай құбылыс байқалмайды. Ғалым М. Томанов негізгі сын есімдерге қосылып сапа, сынның салыстырмалы артықшылығын не белсенділігін бідіретін -рақ аффиксінің көне түркілік ескерткіштер тілінде де сондай мәнде жұмсалғанын айтады. Ол кісінің зерттеуінен X-XIII ғасыр жазбалары тілінде де бұл аффикс осы мәнде айтылған, кейде зат есімдерге де жалғанғанын байқаймыз. Зат есімдерге жалғану фактісі қазақ тілінде сирек те болса ұшырасады: бара-рақ. Бұл аффикстің әуелгі негізі «әрең» мағыналы шылау сөз екендігін айта келе, Тува тіліндегі қолданысқа мысал келтіреді, ақ арақ (ағырақ), көк арақ (көгірек), сарығ арақ (сарырақ) т. б. Яғни біз -рақ аффиксінің әуелгі сыпаты да осындай болғанын анықтаймыз. Қазіргі қазақ тілінде сапаның бәсеңдігін, әлсіздігін білдіретін аффикстер бар. Олар да негізінен сапалық сын есімдерге қосылып, жаңағыдай мағына туғызады. Алайда бұл аффикстер аздаған сөздерге жалғанады. Сондай аффикстің бірі -қыш (-ғыш): сарғыш, қызғыш. Осы аффиксті -ғыл аффиксімен салыстырғанда, алдыңғы элементтері бірдей де (-қы, -ғы), соңғы элементтері ғана әр түрлі (-ш, -л). Бұған қарғанда -ғыш

құранды аффикс (ғы-ш). Алдыңғы элемент қимыл есім тұлғасы да, соңғысы соған қабаттасқан есім жасайтын қосымша –ғыл аффиксін –ғылт –ғылтым (сарғылтым, ақшылтым) аффикстерімен орайластыруға болады, өйткені екеуі де сапаның бәсеңдігін, солғындығын білдіреді, бір-бірінен лексикалық мағына жағынан да, қолдану мәнері жағынан да ешбір ерекшеленбейді. Бұл аффикстер жөнінде Томанов былай деп жазған: «XIII-XV ғасыр жазбаларында осыларға ұқсас, осы мәнде қолданылған -ғұл, -гүл, -л, -мтул аффикстері қолданылған. Қазақ тіліндегі -ғыл, -ғылт, -ғылтым аффикстері солардың фонетикалық өзгеріске (л>м) түскен варианты. Бұны олардың мәндестігі ғана емес, қазақ тілінде аз ғана сөзге жалғанып қолданылатыны да дәлелдейді» [17, 198].

1.2.2 Қазақ тіл білімінде зерттелуі

Шырай түрлері жайында да бір ортақ пікір жоқ. Әр ғалым шырай түрлерін әр түрлі бөледі. Ғалым Ахмет Байтұрсынов сынды «тек сыны» және «сыр сыны» деп екіге бөледі де, сыр сынында үш шырай бар дейді; 1) жай шырай 2) талғаулы шырай 3) таңдаулы шырай. Бұл ертеректеу зерттеме болғандықтан, жай шырай шырай ұғымына еніп отыр. Осыдан да әлі күнге шейін мектеп оқулықтарында сол тұжырым сақталған.

«Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығында авторлары Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев шырайдың 4 түрін көрсетеді:

1. Жай шырай (*қызыл, жақсы, орта, үлкен т.б.*)

Шағын шырай (*қызғылт, сарғылт, көгілдір, қышқылтым т.б.*) Мысалы: *Мағрипа сыпайы бұрылып, қызара күлді де, **нұрлы сұрғылт** көздерін Дәрменге аударды* [М.Әуезов «Абай жолы», 142 б.];

Салыстырма шырай (қызылырақ, жақсырақ, ортарақ т.б.)
Мысалы: **Жасырақ** болсам доктордан басқа жанға ғашық болмас ем [Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 45 б.]; Көбінің сүйетіні тамақ ішік болса керек, сол **көбірек** [Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 548 б.];

Таңдаулы шырай (өте қызыл, тым жақсы, тіпті жаман, қап-қара т.б.); Мысалы: Біресе, кең ашылатын үлкен шұғылалы сұрғылт көздері, бір сәт **қып-қызыл** еріндері, немесе сыңғырлап күлген сылдыраған үні мен бірлі жарым тіл-қатқан сөздері құлағына келгендей болады [М.Әуезов «Абай жолы», 143 б.]; Ауыл сыртындағы көгалға апарып, қағып-соғып тазалаған кілем, тұскиіз, алаша, текемет, **жап-жаңа** сырмақтар көрінеді [М.Әуезов «Абай жолы», 103 б.]; **Өте жуан, аса қарлыққан**, ірі дауысты қатқақ көшенің бойымен дөңгелетіп ыққа қарай алысқа әкетіп жел көп жерге естірткендей [Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 67 б.]; Және осы қонақтарды **аса жақсы** шыраймен күтіп отырған сол Мұсабайдың жиені, құрбы жігіті Нұртаза [М.Әуезов «Абай жолы», 139 б.];

Кейінгі жазылып шыққан жоғарыдағы ғалымдар Ғ.Бегалиев және Н.Сауранбаевтың «Педучилищеге арналған қазақ тілі грамматикасында» 3 түрлі шырай көрсетіледі: 1. Салыстырма шырай; Мысалы: Айналасына **азырақ** ажым жиылған мұңлы көзін кейде қысыңқырап қарайды [М.Әуезов «Абай жолы», 7 б.]; Үй ішінде құрғақ тезектің оты маздап, **кішілеу** қазанның түбін жалап, ернеуін де шарпып аймалап, жанып тұр екен [М.Әуезов «Абай жолы», 175 б.]; Бұлардың божысын ұстаған әлгінде үйден бірге шыққан **жастау** мұалім екен [Ғ.Мүсірепов «Жат қолында», 289 б.]; 2. Таңдаулы шырай;

Мысалы: *Дәркембайдың кемпірі істеп берген қара көже **ең қымбат**, дәмді астарындай* [М.Әуезов «Абай жолы», 67 б.]; *Бұның екеуінің де он екі жасар бала қалпында, түстері **өте суық*** [М.Әуезов «Абай жолы», 536 б.]; *...Адамның беті-жүзін топырақ шаңмен **қап-қара** қылады* [Х.Есенжанов, 89 б.]; *Сол Керала, жаңағы өздеріңе мен түсін айтқан **аппақ** шал, елу бес-ақ жастағы адам дегенде, бағанадан, ынтыға тыңдап отырған Абылғазы: -- Алда бақыр, есіл ер-ай ! – дейді. 3. Шағын шырай;* Мысалы: *Ай астында **ақшыл** дала қызусыз, жарықсыз бір бұлдыр сәуле сездіреді* [М.Әуезов, 179 б.]; *Шәрипаның даусы қоңыр емес, әдемі **сарғыш** сияқты* [Т.Ахтанов «Боран», 57 б.]; *Бұл күнде ажым тартқан **сұрғылт** жүзін сәл жадыратып, Абайға көзін сығырайтып, күліп қарады* [М.Әуезов, 61 б.];

Мұнан кейін шыққан проф. І.Кеңеспаев, С.Жиенбаев жазған орталау мектептің 5,6 сыныбына арналған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде шырай категориясы түрлеріне былай тоқталады: 1. Талғаулы шырай; 2. Таңдаулы шырай. Бұл жерде «Талғаулы шырай» дегенге салыстырмалы, жоғарыда аталған «шағын» шырайды жатқызады. Ал, «таңдаулы» шырайға «күшейтпелі» және «асырмалы» шырай түрлерін жатқызады.

Қазақ тілінің грамматикасында сын есімнің мынадай шырайлары көрсетілген: 1) салыстырмалы шырай 2) бәсең я шағын шырай 3) күшейтпелі шырай 4) асырмалы-үдетпелі шырай. [15, 86] Бұндағы бәсең я шағын шырайдың жасалуына негіз болатын мынадай морфологиялық формалар көрсетіледі:

-лау//-леу, -дау//-деу, -тау//-теу (сұңғақтау, жіңішкелеу);

Мысалы: **Аласалау** жер үй болғанымен пеші орысша кірпіштен салынған [Ғ.Мүсірепов «Жат қолында», 86 б.]; **Қиылған жирендеу** келген мұрты бар Самарбай, жас молда болса да

жақсы оқыған [М.Әуезов, 559 б.]; **Жіңішкелеу** ұзын қастары әлі де қап-қара [М.Әуезов, 106 б.]; ...Сол қалпымен шәмбіл бетіндегі **сұйықтау** біткен сары мұртын сипай түсті [Х.Есенжанов, 235 б.];

-ғылт, -ғылтым, -ғыш, -ілдір, -ілжім (сарғылт, сарғылтым, көгілдір, сарғыш); Мысалы: Мұсаның төрде отырған семіз, **қызғылт** жүзді тоқалы Тұрайға қарады [М.Әуезов, 140 б.]; Құрттың **ашқылтым** сөлі өңешін тітіркендіріп асқазанына қарай ауыртып жол салып барады [Т.Ахтанов, 74 б.]; Көбінің жүзі **ақшыл, не қызғылт, сарғыш** [М.Әуезов, 140 б.]; Алыста, жігіттердің бет алдында, үш-төрт бөлек **көгілдір** жоталар жатыр [М.Әуезов, 110 б.];

-шыл, -шіл (көкшіл); Мысалы: Сол сәтте алдыңғы **ақшыл** бөрі осы топтың анасы – қаншық қасқыр екен, бара бір саулықты алып соқты [М.Әуезов, 81 б.]; Мұнараның басынан көрінген ұзын өзеннің **көкшіл** жиектері, арғы жағасы көзге әрең шалынатын Шалқар көлдің шалқыған кең беті, жағаға төнген тау бейнесі, желпи соққан жазғы жел лебі мезет жоғалып, жердегі мынау реңсіз жарлы көріністер Хакімнің жүрегіне бір мұңды сезім құйып жіберді [Х.Есенжанов, 197 б.];

-аң/-ең (жұқалаң, жасаң); Мысалы: Кең маңдай ақ жүзіне науқастың және бейнетті өмірдің зардабындай боп, **жұқалаң** сарғыш рең араласқан [М.Әуезов, 154 б.];

-қай, -ай (қоңырқай, тырбықай) [2, 86-88]. Мысалы: Сұлу, бұйра **қоңырқай** сақалы бар, орта жасты доктор Станов, аласа бойлы, беті-жүзі келбетті кісі еді [М.Әуезов, 568 б.];

Ғалым Қ.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаевтар шырайдың екі түрін көрсетеді:

1. Салыстырмалы шырай

Күшейтпелі шырай – сындық сапаның басқа заттың сапасымен салыстырғанда, өте артық я өте кем екенін көрсетеді дейді. Мысал ретінде қып-қызыл, өте әдемі сөздерін береді. [40, 147-148 б.].

Ғалым-ұстаз Бектұров Шәбікен Кәрібайұлы 4 түрлі шырайды атайды: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай [41, 119 б.].

Ғалым А.Ысқақов 4 түрлі шырай бар дейді:

Жай шырай (негізгі) – «заттың белгісін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын тағы басқа сондай негізгі сын-сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай болып саналады»-дейді [25, 188 б.]. Жай шырай формасын шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салыстыратын негізгі форма болып саналатынын айтады.

1. Салыстырмалы шырай бір заттың сынын екінші заттың сынына салыстырып, сол салыстырылатын белгілердің бір-бірінен я кем, я артық екенін білдіретінін айтады. Салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтарға.

А) -рақ/-рек, -ырақ/-ірек; Мысалы: *Тоқтасқан, шағын денелі, пысық қимылды, шашы бурыл тартқан, **кішірек** қара көздері жылтылдай қараған кісі таныс адамындай жайдары жүзбен қарсы алды* [Х.Есенжанов, 23 б.];

Ә) -лау/-леу, -дау,/-деу, -тау/-теу; Мысалы: *Бір күрең өгізді жетелеп Бірәлі жарықтау жерге әкетіп барады* [Ғ.Үсірепов, 305 б.]; *Аздаған дөрекілеу, епсіздеу ме, қалай?* [Ғ.Мүсірепов, 21 б.]; *Жастау әйел кездессе – ерің үйде ме? – деп сұрайды* [Ғ.Мүсірепов, 84 б.]; *Сырты қоңырлау болса да, ақ ауылдан іші мығым* [Ғ.Мүсірепов «Миллионер», 392 б.];

Б) -ғыл/-қыл, -ғылт/-қылт, -тым, -шыл/-шіл, -қай, -аң;
 Мысалы: *Әбіш пен Мағыштың көздері соңғы күндерде Мәкен жүзінен осынадй сәл бір шақта толқына туған **ҚЫЗҒЫЛТ** нұрды көретін* [М.Әуезов, 365 б.]; *Өзге шөптен сызаты көп, түн шағында әрі салқын, әрі қалың **көкшіл** бидай, мол жылқының ту биелерін де, тай-құлыны, байталын да түгел қызықтыра тартты* [М.Әуезов, 192 б.]; *Жазылған бұрымдар су бетіне жайылып кетіпті; күн тимеген дене өткір көзді қара торы жүзден әлдеқайда **ақшыл**, оң қолын көтеріп қайықты ілгері итеріп жібергенде сұлу кезде, тулаған балықтың бауырындай, жарқ ете қалды* [Х.Есенжанов, 222 б.]; *Әбіштің **қоңырқай** қызыл тартқан тотыққан жүзді қып-қызыл боп кетті* [М.Әуезов, 321 б.]; *Келген **қартаң** жұмыскерлер конторға да ығыспай кіріп еді, стол қасында да сол еркін қалыптарында келіп отырды* [Ғ.Мүсірепов, 73 б.];

Күшейтпелі шырай. «Заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түседі. Бұл шырай негізгі сын есімдерге күшейткіш (үстеме) буынды қабаттастыру арқылы жасалатын өте өнімді форма»-дейді [25, 188 б.]. Мысалы: *Сондай **қап-қара** май сіңген үлкен брезентті арба, обадай обыр дерттің баршысы тәрізді* [М.Әуезов, 323 б.]; *Жылтыр қара мұртының астынан **қып-қызыл** еріндері күле түсіп, **аппақ** тістерін ақситып, Мәнікенің қасына ерді* [М.Әуезов, 233 б.]; *Сыртта жарқыраған күннің қуанта жайнатқан аспаны сондай **мөп-мөлдір, тап-таза**, көкпеңбек* [М.Әуезов, 427 б.];

Асырмалы шырай. «заттың сындық қасиетін я тіпті асыра көтереді, я тым асыра төмендетеді. Асырмалы шырай сын есімдердің алдына аса, өте, тым(дым), тым-ақ (дым-ақ), тіпті, тіптен, шымқай, нағыз, нақ, ең, ал (ал қызыл, алқара көк),

орасан, керемет сияқты күшейткіш үстеу сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Бұл да өте құнарлы тәсіл» -- дейді [25, 188-189 б.]. Мысалы: *Ол сәнді салмақпен баяу басып, алтынды шолпысы **өте жіңішке**, биязы үнмен шылдырлай келіп, Мұсабайдың дәл жоғарғы жағынан отырды [М.Әуезов, 140 б.] **Ең әдемі** стаканды қонаққа ұсынбас па!.. [Ғ.Мүсірепов, 405 б.]; Ол әйелдердің **ең қымбат** дүние-мүліктері сол хаттар [Ғ.Мүсірепов, 419б.]; Әсіресе, осы Шолпан, Қасқаюұлақтардың астыртында, Тайлақпай құдығының маңында **өте қызықты** боп қаулап шықты [М.Әуезов, 182б.]; Жер, туған жер, **ең толық, ең мол** сырлы өзгеше әңгімеші екен [М.Әуезов, 515 б.]; Фон-Штейн осындай **өте кең** шиырлы істерді асыра аяқтап болғанша уақыт та жылжып өте берді [Ғ.Мүсірепов, 171 б.];*

Ғалым М.Ә.Қараев та 4 түрлі шырай бар дейді:

Жай (негізгі) шырай. «Заттың түсін, түрін, белгісін, сапа, сын, көлемін, салмағын, аумағын тағы басқа сондай сын-сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай деп аталады. Жай шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салғастыратын негізгі форма болып саналады»-дейді [23, 99 б.].

Салыстырмалы шырай. «Бір заттың сынына екінші бір заттың сынын салыстырып, сол салыстырылатын түстердің я белгілерінің бір-бірінен я сәл кем, я артық екенін білдіретін шырай түрі»-дейді де [23, 99 б.], мына жұрнақтарды жатқызады:

А) -рақ/-рек, -ырақ/-ірек; *Бектоғай жирен мұрт, **жұқарақ** ернін керілте күліп, аппақ кесек тістерін ақсита тұрып, Абайды құптап, бас изеген [М.Әуезов, 546 б.];*

Ә) -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу; Мысалы: Омартай әлі ақсақалдар қатарына қосылмайтын **жастау** адам, реті келсе менің де бірді тапсырғым келіп жатыр [Ғ.Мүсірепов, 195 б.]; -- Әйда, ебдашлар! --деп, татар жұртқа команда бергендей екі қолын кең сермеп, **жуандау** күшті дауыспен бірінші шумақты бастай беріп еді, жұрт жуанды-жіңішкелі жігерлі дауыспен тегіс іліп әкетті [Х.Есенжанов, 105 б.]; Алғашқы бурыл шал – Афанасьич, қалған екеудің зор денелі, балуан кеуде сары мұрттысы – Федор, екіншісі, **кішілеу** денелі, өткір шүңірек көк көзді, түксиген қабақты ақбас шал – Сергей [М.Әуезов, 186 б.];

Б) -ғыл/-қыл, -ғылт/-қылт, -тым, -шыл, -қай, -аң. Мысалы: Қоңыр көлеңке үйдің ішінде жайнаған шоқтың қызғылт сәулесімен Марфаның әдемі толық беті де **ҚЫЗҒЫЛТ** шабдарланып кетті [Х.Есенжанов, 40 б.]; Мағрипа отырған қалпында қозғалып, Мұсабай қасына ауысып алды, Иіліп келе жатқан Әбішке жоғары қарап, үлкен **сұрғылт** көздерін көтергенде, оның қып-қызыл ерңдерінде, әдемі достық ажарындай, жымию да бар еді [М.Әуезов, 143 б.]; Кейде қоңырқай, сұрғылт жүзіне сәл толқын **ҚЫЗҒЫЛТ** нұр шығады [М.Әуезов, 411 б.]; **Жұқалаң** жүзі құбылып, Жанаттың қолтығынан қолын суырды [Ғ.Мүсірепов, 253 б.]; Дәл осы ауылдың сыртында өзеннің ар жағында, бөлекше зорайып көрінген **бозғыл** биікті көрсетіп, Көкбай Әбішке: «Қоңырәулие дегеніңіз мынау тау болады!» – деді [М.Әуезов, 453 б.]; Аласа **ақшыл** жас қайың, ызыл мойыл кездеседі [М.Әуезов, 143 б.];

Күшейтпелі шырай. «Заттың бастапқы сындық сапасын күшейте түсетін шырай өте өнімді форма»-дейді [23, 99 б.]. Мысалы: Мына бір **қап-қара** надандыққа, тал түстегі зорлыққа тоқтау салар деп бардым [Ғ.Мүсірепов, 196 б.]; Ерінің қолына

қарсы созған жүзікті, білезікті **жұп-жұмсақ** кішкентай саусақтары ып-ыстық боп майда тиді [М.Әуезов, 209 б.]; Ай **жап-жарық, дөп-дөңгелек** [Ғ.Мүсірепов, 161 б.]; **Жіп-жіңішке** әсем даусы барынша жақын леппен жан тартқандай, ыстық көрінді [М.Әуезов, 209 б.];

Асырмалы шырай. «заттың сынын не асыра көтеріп, не тұқырта төмендетіп көрсетеді. Бұл шырай сын есімнің алдынан келіп, күшейткіш демеуліктердің тіркесуі арқылы жасалады [23, 99 б.]. Мысалы: «Бірі **тым ауыр**, екіншісі **тым шапшаң, ұрыншақ**» дейді [Ғ.Мүсірепов, 242 б.]; Кейде адамның **ең ауыр** қайғы-мұңы осындай күлуден де өршіп кетеді [Ғ.Мүсірепов, 38 б.]; Қазір таң ата ұсақ жұлдыздар кетіп, **ең ірі, ең жарық** жұлдыздар ғана қалыпты [Ғ.Мүсірепов, 252 б.];

Мұсабаев қазақ тіліндегі сын есімде 5 түрлі шырай бар дейді [24, 34]. 1) Салыстырмалы шырай. Оның морфологиялық тұлғасы -рақ, -рек (мысалы: жақсырақ, қызылырақ). Мысалы: Терезеден түскен күн нұры, ақ болыскей кроваттың ақ төсегіне құйылып, үй іші бұрынғысынан да **жарығырақ** көңілдірек [Ғ.Мүсірепов, 285 б.]; 2) Бәсең шырай -- дау, -деу, -лау, -леу, -тау, -теу (мысалы: жақындау, жуастау, сұрлау, кішілеу). Мысалы: **Қартандау** жағынан тағы бір екеуі шығын болып жүрмесе қайтсін [Ғ.Мүсірепов, 170 б.]; **Сұйықтау** қызыл қоңыр шашы жылтырай, жабыса таралған екен [М.Әуезов, 106 б.]; Жиыны Жұмаділ отырған **кішілеу** бөлмені ғана толтыруға жараған бір шөкім саудагерлер мен сәлделілер ғана [М.Әуезов, 318 б.]; 3) Шағын шырай. Оның морфологиялық тұлғасы -шіл, -шыл, -ғыл, -ғылт, -ғыш, -ілдір (мысалы: көкшіл, бозғыл, қызғылт, сарғыш, көгілдір). Мысалы: Күн сәулесін крмейтіндіктен реңі **ақшыл** келеді [М.Әуезов, 150 б.]; Аз

уақытта көрші үйдің әйелі, **сарғыш** шашты, қызыл шырайлы жас келінді шақырып, тыстағы жерошақ маында отын-су алдыра бастады [М.Әуезов, 155 б.]; Батуға жақындаған **ҚЫЗҒЫЛТ** күн «Асқар-көлдің» батыстық, солтүстік жақтарын қапталдай өскен биік жалды су бетіне сұлатып салғандай, дірілсіз суда жатыр [Ғ.Мүсірепов, 249 б.]; 4) күшейтпелі шырай. Оның морфологиялық тұлғасы – күшейту буыны (мысалы: қып-қызыл, сап-сары, ап-ала). Мысалы: Қалың біткен **ҚЫП-ҚЫЗЫЛ** төменгі ерні, ол күлерде әуелі көтеріліп, ернін шығарған кісідей бір кекіріп, кері қозғалыс жасап, содан кейін **аппақ** кесек сұлу тістерін ақсита күледі (М.Әуезов, 53 б.); Осы мол сардаланы **жап-жазық** бетінде Шұнай, Доғалаң, Орда сияқты таулар бір сәтте Абац көзіне тау емес, әлдебір ғажайып алып кеме тәрізденеді [М.Әуезов, 514б.]; Жидебайға тақау жалғыз қара биік Өртеңнің төсіндегі көде, бетеге **сап-сары** жадау жүзді [М.Әуезов, 602 б.]; Көкпеңбек түпсіз биік аспанда қалықтаған аққудың **аппақ** таза қанаты күн шұғыласына малына алтындай жарқырамас па!.. [М.Әуезов, 604б.]; -- Қадірлі оқытушы, қазақ мектебі жайында жазған мақалаң жап-жақсы еді [Ғ.Мүсірепов, 2016.]; 5) Үдетпелі шырай. Бұл шырай күшейткіш үстеулер арқылы жасалады. Мысалы: Аса жақсы ат, тым жақсы кісі, өте биік тау. Мысалы: Ойнақы, мөлдір қызық ырғағы бар, қайнағандай жігері жұлқынып тұрған **өте әсем** ырғақты би күйлерін ойнайды [М.Әуезов, 1016.]; Шолпанның үні **өте жылы**, құлаққа жүректі елжіретерліктей мейірімді естілді [Х.Есенжанов, 317 б.]; -- Шөбі белуардан жайлауға **өте қолайлы** жер, -- деді учитель айналасы алыс даланы көзімен шолып [Х.Есенжанов, 269 б.]; **Аса қатты** да емес, бірқалыппен тықылдатып ол тағы да қақты [Х.Есенжанов, 15 б.]; Қыздар да

ішіктің **ең жылы** жеріне, **ең жұмсақ** жеріне қарай тығыла түсіп барады [Ғ.Мүсірепов, 115 б.]; -- Анар апам! Үлкен әжем менің! **Ең сұлу** апам, мырза апам! [Ғ.Мүсірепов, 420 б.]; Бәрі де **өте қажет, өте тез** шешуді керек ететін жайлар [Ғ.Мүсірепов, 432 б.]; С. Исаев: « Күшейтпелі және (асырмалы деп аталатын шырай түрлерін біріктіріп қарайтын болсақ асырмалы деп жүрген шырай түрі де күшейтпелі мәнді білдіреді: өте жақсы, жап-жақсы, аса биік, біп-биік, т. б.) [1, 141] – дейді де, шырайдың сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде екі-ақ түрін көрсетеді: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай.

I. Салыстырмалы шырай.

Бұл жөнінде С Исаев мынадай анықтама береді – салыстырмалы шырай бір заттың сынын, я сипатын, түсін екінші заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің, түрлердің бір-бірінен, я артық, я кем екенін білдіріп, белгілі қосымшалар арқылы жасалады [26, 141]. Ол қосымшалар: а) –рақ/-рек, -ырақ/-ірек. Мысалы: Жасы өзгелерден **кішірек**, аласа бойлы, жұқа жүзді Айтқазы болыс, өзгенің бәрінен бұрын, Базаралымен жақсы амандасты [М. Әуезов]. Әміре ортадан **төменірек** бойлы, ақ сарғылт өңді дөңгелектеу жүзді еді [С. Мұқанов]; Үйінде **ұзынырақ** ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар [М.Әуезов, 106 б.]; Оқи бастағаннан-ақ һаронның кішірек қара торы маңдайы маса шағып алғандай тыржың ете қалды [Х.Есенжанов, 143б]; ә) – лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу. Мысалы: Үйден бір **аласалау**, көлденеңі **жалпақтау** қыз шықты да, біздің жолдастың қолын алып, амандасты [І. Жансүгіров]. Қою қара мұрты тықыр біткен, **өткір, кішілеу** көзді жүргінші Әбді дейтін Жігітек екен [М.

Әуезов]; Әсіресе қара қалпақты, беті **шұбарлау** оқымысты адамның бағана өзін тақымдаған казактардың оған әділсіз іс істегенін ашып: «Бұл заңға сыймайтын бұрын-соңды болып көрмеген қылық ...» – деп түрмеге жеткенше үзбей сөйлегені, жерлеп, сөгіп бұрқырағаны көп сүйеу болған-ды [Х.Есенжанов, 100 б.]); Аздан кейін ол өзі сияқты айдауға ұшыраған биік қара қалпақты **ескілеу** ұзын суртук-пальто киген орта жастан асқан оқымысты адамды және еңкіш келген ірі кәрі шалды көріп, солардың қатарына қосылғаннан кейін ойы аздап сергігендей, есін жинап, ілкі ауыр сезімнің құшаынан бірте-бірте шыға бастағандай болған (х.е. 100б.); Абай **күрендеу** шайды жай ұрттай отырып, үнсіз ойланды [м.ә. 156б.]; Көтеріңкі, **шолақтау, сәл домалақтау** біткен мұрны мен үнемі кекесінге әзір ажарлы ернінде, иек бұғағында бұл әйелдің көпшіліктен бөтендеу ірілігі, салмақ, тәкаппарлығы танылады [М.Әуезов, 226б.]; Үсті-басы кір, **ластау** (ғ.м. ж.қ. 353б.); Оның ажары **жастау** (м.ә. 295 б.); [М.Әуезов, 603 б.]; Қасболаттың болашағын біліп, ертең өзімен терезені тең, ие тіпті **биіктеу** болып шыққанды ... [Т.Ахтанов, 62 б.];

С. Исаев сапалық сын есімдерге ғана жалғанып, салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтарды атайды.

-ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым. Мысалы: **Сарғылт** мұнай заводты көрсетпейді [Ғ. Мұстафин]; [М.Әуезов, 140 б.]; Ақшыл сарғылт жүзіне енді қайтадан қызғылт қан жүгіргендей [М.Әуезов, 41 б.]); Бірақ барлық жұпыны киім, сұрқылт жүдеу жүзді азаматтың қолында шоқпар, сойылы [М.Әуезов, 203 б.]; Таң ертеңгі бозғыл күн көтеріле бергенде қарлығаш Омбы телеграфына кіріп – енді тоғыз күннен кейін аттар Қарқаралыда тұрсын деп Шаяхметке телеграмма берді ...

[Ғ.Мүсірепов, 349 б.]; *Бірінің көзінен бірі сүйгенде **ашқылтым** жастарын да жұтынады* [М.Әуезов, 363 б.]; *Толық сұлу еріндері мен сопақша келген аппақ **қызғылтым** беті де әдептілік танытады* [М.Әуезов, 321 б.];

-шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім. Мысалы: **Көкшіл** көздерінің астын кіреукелетіп көлеңке басқан [Ерғалиев];

-ғыш, -ілдір. Мысалы: **Сарғыш** шашы ұйпаланып қалыпты [Бердібаев];

-аң, -қай, -ша, -ше. Мысалы: Бала **қоңырқай сопақша** беті күреңденген күйі отырып қалды [Есенжанов];

II. Күшейтпелі шырай.

Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады. Ол, біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады. Екіншіден, өте, аса, ең, тіпті т.б. күшейтпелі үстеулер арқылы жасалады.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды салыстырып көрелік. Жоғарыда талданған «жай шырайды» түрін А.Байтұрсынлы, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, А.Ысқақов, М.Ә.Қараев шырай түріне енгізеді. Н.Сауранбаев пен Ғ.Бегалиев келесі зерттеу еңбегінде «жай шырайды» көрсетпейді. Әрине, біз бұл пікірмен келіспейтінімізді талдау арқылы көрсеттік.

Салыстырмалы шырай түріне келсек ғалымдардың пікірлері сәйкеседі, бірақ кейбір өзгешеліктер байқалады. «Қазақ тілінің грамматикасы мен ғалым Ғ.Мұсабаевтың еңбегінде салыстырмалы шырай жұрнақтары екі-үш түрге бөлініп көрсетілген. Ғалым Ғ.Мұсабаев: 1) Салыстырмалы шырай. Оның морфологиялық тұлғасы -рақ, -рек (мысалы: *жақсырақ, қызылырақ*). 2) Бәсең шырай -- дау, -деу, -лау, -леу, -тау, -теу (мысалы: *жақындау, жуастау, сұрлау, кішілеу*). 3) шағын

шырай. Оның морфологиялық тұлғасы -шіл, -шыл, -ғыл, -ғылт, -ғыш, -ілдір (мысалы: *көкшіл, бозғыл, қызғылт, сарғыш, көгілдір*) деп бөлсе, ал «Қазақ тілінің грамматикасында» былай көрсетілген: 1) салыстырмалы шырай -рақ, -рек 2) бәсең я шағын шырай -лау//-леу, -дау//-деу, -тау//-теу (*сұңғақтау, жіңішкелеу*);

-ғылт, -ғылтым, -ғыш, -ілдір, -ілжім (*сарғылт, сарғылтым, көгілдір, сарғыш*);

-шыл, -шіл (*көкшіл*);

-аң//-ең (*жұқалаң, жасаң*);

-қай, -ай (*қоңырқай, тырбықай*) [24, 86-88].

Өзге зерттеушілер бұл қосымшалардың бәрін салыстырмалы шырай деп атайды. Ғалым С.Исаев -ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым. Мысалы: **Сарғылт** мұнай заводты көрсетпейді [Ғ. Мұстафин];

-шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім. Мысалы: **Көкшіл** көздерінің астын кіреукелетіп көлеңке басқан [Ерғалиев];

-ғыш, -ілдір. Мысалы: **Сарғыш** шашы ұйпаланып қалыпты [Бердібаев];

-аң, -қай, -ша, -ше. Мысалы: Бала **қоңырқай сопақша** беті күреңденген күйі отырып қалды [Есенжанов] жұрнақтарын тек сапалық сын есімдерге жалғанып шырай тудырады деп атап көрсетеді.

Осы атаған салыстырмалы шырай түрінің бар екенін көркем шығармалардан терілген мысалдар арқылы нақтылай түсейік:

а) -рақ/-рек, -ырақ/-ірек.

Алдыңғы сарыдан едәуір аға, **ірірек** келген қара да оның істегенін істеп, иығынан мылтығын алып, бірақ «Жоғары шық,

жоғары шық» – деген Құбайраның ызбайлы сөзіне қарамай: -- Бізге осы жер де болады,-- деп, Асан мен екеуінің ортасына отырды [Х.Есенжанов, 236 б.]; Мына оспадарсыздар асқа қарамаймыз деп қояр» -- оймен Жол шапшаңдап: -- Тез болса, зияны жоқ, жаздың күні ұзақ, құдайға шүкір, -- деді қазан жақтағы кереуеттен **төменірек** кебеженің үстінгі жағындағы кереге басына іліп қойған тұздаған семіз қой етіне қарап [Х.Есенжанов, 236 б.]; Бірақ студент талдырмаш та, доктордан гөрі **мұрындырақ** [Х.Есенжанов, 125 б.]; Болмаса ол өзінен **кішірек** Рахымның көңілін аулайды, үмітін демейді [М.Әуезов, 405 б.]; Шұбардың жасы бұдан **кішірек** болғандықтан, оған айтатын сөзді қатты қып батыра сөйлейді [М.Әуезов, 98 б.]; Жасы өзгелерден **кішірек**, аласа бойлы, жұқа жүзді Айтқазы болыс, өзгенің бәрінен бұрын, Базаралымен жақсы амандасты [М.Әуезов, 100 б.]; Меңдікерей істің қиынға шапқанын сезе қалды да, аттан түсіп жақындап келген **кішірек** бір казакты сол қолымен сермеп жіберді, өзі ырғып шанадан түсті [Х.Есенжанов, 37 б.]; Ол сәлем бермей үйдегілерден сәлем күткен, бір **үлкенірек** аға ағайын екен [М.Әуезов, 23 б.]; Қар тек қана сайлардың теріскей беттерінде **молырақ**, о да күн санап, сағат санап шағындала береді, араға енді бір күн салса тегістікке оймақтай да қар қалар емес [Х.Есенжанов, 140 б.]; Олардан гөрі **жоғарырақ** мектеп Көпей-Наргөз және өз шешесі Назыкеш қой [Ғ.Мүсірепов, 180 б.]; Тоғыз қанат бір **кішірек** жазғы үй бар еді, төсеніші, оны-мұнысымен сол үйді аламын [Ғ.Мүсірепов, 164 б.]; Бір **үлкенірек**, екі **кішірек** жәшіктері тағы бар [Ғ.Мүсірепов, 113 б.]; -- Әкем әне тұр ... Ерттеулі аттың қасында, -- деп **үлкенірек** бала өз үйін нұсқады [Ғ.Мүсірепов, 85 б.]; Кенжеғара жұмыскерлерден екі есеге

жақын **кемірек** ақша әкелді [Ғ.Мүсірепов, 390 б.]; Егер орыс жұмыскері осы күндегідей онның бірі болмай, онның тоғызы болса, онда сөз жоқ, азшылықтағы қазақ жұмыскерлеріне **жоғарырақ** жалақы берер еді [Ғ.Мүсірепов, 291 б.]; Ол жас жағынан да өзгелерінен **үлкенірек, егдерек** және бар Тобықтының ең қалың, жуан ортасы олжайдан шыққан Бесбесбай [М.Әуезов, 454 б.]; Олар екі **кішірек** үй салатын болады [Ғ.Мүсірепов, 238 б.].

Ал күшейтпелі мен асырмалы шырай түрлері барлық зерттеулерде беріледі. Тек әр түрлі аталғаны болмаса, мысалдар арқылы дәлелдегендей тәжірибе жүзінде сынның бір сипатын білдіреді. Алайда бұл шырай түрлеріне байланысты зерттеушілердің пікірлері сәкеспейтін жері бар. Ғалымдардың көбі бұл екі шырайды күшейтпелі және асырмалы деп жеке алып көрсетсе, ал проф. І.Кеңеспаев пен С.Жиенбаевтың мектептің 5,6 сыныбына арналған «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығында, Қ.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаевтар «Қазақ тілі» оқулығында, С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» еңбектерінде асырмалы шырай түрі күшейтпелі шырайдың құрамында көрсетіледі және шырайдың екі түрін көрсетеді.

Жоғарыда әр ғалымның берген тұжырымдары берілді. Сол зерттеулердегі шырай түрлерінің бәрі де шырай түріне жататынын мысалдар арқылы дәлелдедік. Байқағанымыздай бір зерттеуші екінші ғалымды толықтырып, керісінше біріктіруді керек етіп тұрған ұқсас шырай түрін біріктіріп отырған. Сол себепті мүлдем шырай түрі бола алмайтын қосымша мен аталымды ешбір ғалым көрсетпейді. Сонымен, қандай шешімге келеміз, шырай категориясы теориясын,

түрлерін қандай тұжырымға әкелеміз? Бір ғалым шырай түрлерін үшке, төртке, енді біреуі беске бөліп көрсеткен. Бұл да дұрыс шығар. Бұл жерде шырайдың екі-ақ түрін көрсеткен ғалымдардың тұжырымын алып көрелік. Күшейтпелі шырай мен асырмалы шырайды біріктіреді де және салыстырмалы шырай деп бөлген кезде басқа ғалымдардың айтқан бөліністерін жоққа шығармайды, ал солардың жиынтығынан тұратын шырайдың екі түрін көрсетеді.

Күшейтпелі және асырмалы шырай түрлерін біріктіріп қарайтын болсақ асырмалы деп жүрген шырай түрі де күшейтпелі мәнді білдіреді. Бұл тұжырымымызды дәлелдеп көрелік. Мысалы: *Ол қаланың **ең ыстық** шағы* [М.Әуезов «Жат қолында», 294 б.]; *Осы Арқаттың **ең биік** тұсы оқшау біткен жылтыр құз, текшедей бөлініп, аспанға шаншылып, қызық көрініс береді* [М.Әуезов «Абай жолы», 478 б.]; *Жол сыртқа келгенде Жапар оның көзі шағыр көк ала биесінің құйрығының **ең ұзын** тарамынан екінші рет топтап қыл жұлып алған еді* [Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 164 б.]; *Осы үй қазір Қоспанның аудан орталығындағы **ең жақын** үйі болып алды* [Т.Ахтанов «Боран», 80 б.]. Осындағы **ең ыстық, ең биік, ең ұзын, ең жақын** дегендер асырмалы шырай түріне түрлденіп тұрған сапалық сын есімдер. Осыларды дәл осы сөйлем құрамында күшейтпелі шырай түріне түрлендіріп көрелік: **үп-үлкен, біп-биік, үп-ұзын, жап-жақын** десек, беретін мағынасы өзгермейді.

Алайда, мына мысалдарды талдап көрелік: *Ол Шәрипаға **ең жақсы, ең асыл** сырларын шертеді* [Т.Ахтанов «Боран», 57 б.]; *Өзі енді бір зор даусын ақыра шығарып, Сеиттің сыртынан **аса қатал** бір серт айтты* [М.Әуезов «Абай жолы», 508 б.]; *Кеш*

бата қаланың **ең шетіндегі, ең кедей** үйінің терезесін қақтым-ақ болды, күнде келіп жүрген жатын үйімдей қабыл етеді, жайымды ұғады, тілегін қосады [М.Әуезов «Абай жолы», 52 б.]; Абайдың көңілінде Әбіштің сұрағаны терең мәні бар **аса салмақты** жаңалықтай сезілді [М.Әуезов «Абай жолы», 116 б.]; Себебі ол жерлер егінге **аса жайлы, ең шұрайлы** төскейлер [М.Әуезов «Абай жолы», 458 б.] деген мысалдардағы **ең асыл, аса қатал, ең кедей, аса салмақты, аса жайлы, ең шұрайлы** дегендегі сын есімдер мағынасына қарай қатыстық болып табылады. Ал осы сын есімдерді күшейтпелі шырай түрлеріне түрлендіре алмаймыз. Мысалы: ең асыл дегенді ап-асыл, аса қатал дегенді қап-қатал, ең кедей дегенді кеп-кедей, аса салмақты дегенді сап-салмақты, аса жайлы дегенді жап-жайлы, ең шұрайлы дегенді шұп-шұрайлы десек, жалпы сөз мағынасы стиль жағынан өзгеріп, кері тіркес болып шығады. Бұл жерде мынадай тұжырым жасауға болады: шырайдың асырмалы түрін мен күшейтпелі түрі тек сапалық сын есімдерге қатысты болған кезде ғана бір қызметті атқарады да, біз оларды бір құрамда, бір аталымда көрсете аламыз.

Жоғарыдағы шырай категориясының түрлеріне берілген тұжырым іс жүзінде дәлелденіп отыр. Қазір тіл білімінде грамматика-морфология саласында осы тұжырымға сүйенеміз.

2.1 Тілдегі «жай шырайлық» қызмет

Енді сын есімнің ерекше категориясы шырай категориясының түрлеріне тоқталайық. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытындының бірі шырай жасаудың негізгі жолы – сөз мағынасында ашық көрінетін салыстыру болумен бірге шырайлық ұғымның анықталуы қажет. Онсыз шырай категориясы бола алмайды. Құр екі затты салыстырудан шырай категориясы тумайды. Өйткені, жалпы адам баласының дүние тануы затты затпен салыстырудан шыққан. Бір нәрсені екіншісіне қарсы қойып тануды негігі әдіс еткен. Мектеп грамматикаларының көпшілігіне белгілі дәстүрді қуалап «жай шырай» деген термин қолданылып жүр. «Жай шырай» – бүгінге дейін шырайдың бір түрі болып саналып жүргенін академик В. В. Виноградов, академик И. И. Мещанинов сияқты ғалымдар жай шырайдың тұрақтылығы, тиянақтылығы жоқтығын айта келіп, «Бұрынғы дәстүр бойынша қалып келе жатыр» дейді. Орыс тілінің сын есім шырайларын таптастырғанда да ең алғаш Буслаев «жай шырай» деп атаған. Сонан бері қарай грамматикалардың бәрінде «жай шырай» делініп, енді біреулерінде шырай қатарларында берілмей жүр. Сонымен қатар жай шырайда шырайлық ұғым жоқ екеніне мойындаса да, дәстүрлік қалыппен ерте кезден шырай аталып келе жатқанын айта отырады. Профессор Бархударов орыс тілінде екі-ақ түрлі шырай бар дейді. Ол кісінің пікірін толық келтірейік: «Качественные прилагательные имеют две степени сравнения: сравнительную и превосходную. Сравнительная показывает, что, в одном предмете какогонибудь качества имеются большой мере, чем в другом предмете: *Волга длиннее Днепра. Солнце ярче луны. Золото дороже серебра.* Превосходная

степень показывает, что то или другое качество принадлежит данному предмету большей мере, чем всем другим предметам: *Советская армия – сильнейшая из современных армий. Эверест высочайшая гора в мире.* Примечание: По отношению к сравнительной и превосходной степеням то прилагательное, от которого образование называется положительной степенью: длинный, яркий, сильный. Качественные прилагательные имеют три степени сравнения: положительную, сравнительную и превосходную. Превосходная степень может выражаться также присоединением к прилагательному слова «самый»: самый смелый, самый умный, а сравнительная степень при помощи слова более: более сильный.

Ал Земский, Крючков, Светлаевтар былай дейді: «Качественные прилагательные имеют три степени сравнения: положительную, сравнительную и превосходную. Положительная степень означает качество предмета без сравнения с качеством в других предметах, например: красный цветок, добрый человек. Сравнительная степень означает большую степень качества в предмете по сравнению с тем же качеством в другом предмете, например: *фиалка – душистый цветок, а ландыш еще душистее. Свинец более плавкий металл, чем медь.* Превосходная степень означает высшую степень качества в предмете по сравнению с тем же качеством в других предметах, например: *Волга – длиннейшая и широчайшая из рек Европейской России. Иванов – самый молодой студент второго курса*» дейді.

Жай шырайдың нақты атын атап, шырай категориясы бола алмайтындығын толық дәлелдеген – А. С. Никулин. Ол кісі жай

шырайдың өзін бұрынғы кезде буржуазияшыл тілшілер белгілі бір тұрғыдан қараған. Ол – тілдің бір нормасы болған.

Жай шырай деп атағанымыз болмаса, мұнда ешбір шырай жоқ. Қазақ тілінен мысалдарды қарайық: *үлкен ағаш үйді (ол) жатақ еткен* [М. Әуезов «Абай»]. *Қарағайдың биік басына ұя салған қара – құстар ие* [С. Мұқанов].

Осыларда не шырайлық мағына, не шырайлық тұлға жоқ.

Қазіргі қазақ тіл білімінде шырай қосымшалары сияқты оның түрлері туралы да қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір жоқ. Ең алдымен, бірден көзге түсетін ерекшелік – грамматикалар мен оқу құралдарында шырай түрлерін жасауға негіз болатын тұлға деп көрсетілетін жай шырай түрін жеке шырай деп бөліп көрсетеді. Осы жөнінде бірнеше ғалымның пікірін келтіріп кетейік. Ғалым А. Ысқақов бұл жайында былай деп жазады: «Тек шырай түрлеріне негіз болатын, ал өзі шырай түрлеріне мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да оппозициялық қатар құра алмайтын, сөйтіп, басқа түрлермен тепе-тең парадигмалық жүйе жасай алмайтын тұлға ол категорияның ішіне, шеңберіне кіре алмайды. Дәл осындай жағдай етіс категориясындағы негізгі етіс деген ұғымға да қатысты. Сөйтіп, бұл жерде жай шырай деген ұғым сапалық сын есім деген ұғыммен барабар, ал жай шырай дегеннің ондай қасиеті бұл еңбектерде ашық көрсетіледі: заттың белгісін, түсін (түрін), сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, тағы басқа сондай негізгі сын-сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай болып есептеледі [25, 196]. Ал ғалым С. Исаев былай деп жазды: «Категориялық түрлену тұлғаларына негіз болатын тұлға (сапалық сын есім деген ұғым да, тұлға да ол категорияға (шырай түріне) енбейді. Мысалы, тәуелдік

категориясына негіз болатын тұлға – зат есімнің түбірі. Бірақ зат есімнің түбірі тәуелдіктің ішінде бір түрі болып саналмайды» [26, 140]. Ғалым Ғ. Ғ. Мұсабаев та жоғарыда келтірілген пікірлерге келісетіндігін мына сөздерінен байқаймыз: ««жай шырай» деп аталатын сын есімдерде шырай мағынасы жоқ екені ашылды. Ендеше, жай шырай деп атауымыздың өзі хате екені айқын» [24, 34]. Біз де осы тұжырымдарды қостаймыз. Мектеп грамматикаларында жай шырай сын есімнің басқа шырай формаларын жасаудағы негіз, таяныш тұлға болатынын көрсету үшін беріледі. Бірақ бұл атау формада ешбір салыстыру жоқ, ендеше шырай емес, ақ, қызыл, сары дегендерде бұл күйінде шырай мағынасы жоқ. Сонда сапалық сын есім тұлғасы мен жай шырай деген ұғым бір болса, ол бір ұғымды екі түрлі атағаннан не ұтамыз?

Жоғарыда келтірілген пікірлерді қорытындылау үшін «жай шырай» деген шырай түріне жата ма, жоқ па, осы тұжырымды нақтылап көрелік.

Мысалы: **Семіз бұйра торы** аттың ауыздығын алып, оттата жүріп, орақшыларын өкшелеп жағалайды [М.Әуезов ,14 б]; Бұлардың арасында бірер **бурыл** сақал қарттан басқа Сержан, Асқар сияқты ұзын бойлы, кесек денелі атпал азаматтар да көрінеді [М.Әуезов, 14 б.]; -- Ендеше Еңлік, Кебек құраны мынау болсын, -- дей салып, тамағын кенеп алып, шырқап тұрып, **әсем қоңыр** даусымен ән бастады [М.Әуезов, 8 б.]; Мақтай бір дуадақты **сары ала** жүнін жарқылдатып басып қалған бір қаршығаның үстіне ағызып жетті де, тымағын бұлғап, арттағыларға айқай салды [М.Әуезов, 11 б.]; Ояздың қасында **сұлу көк** көзді, келісті аппақ етті мадам бар [М.Әуезов, 37 б.]; Шашын шошқаның жон түсіндей үдірейте тікейткен **қалың**

бет, **қара сұр** қазақ тілмаш бағана таңертең Жиреншенің қолынан бір топ кесек тұл және бір буда ұсақ ақша алған [М.Әуезов, 37 б.]; **Аласа әлсіз жас** бұталар қалтақ қағып, тыным тыныштығынан айрылған [М.Әуезов, 34 б.]; Ағыл-тегіл қара терге түсіп, **үлкен** көзі алақтап, қаны қашып, қуара береді [М.Әуезов, 77 б.]; Әлі қылшығы құрымаған, бусанып көрмеген **семіз** жылқы, сараң байдың қалың шоғыры шетінен **үркек, асау** болатын [М.Әуезов, 71б.]; **Қызыл жүзі** мен **қалың қызыл** қабағы мен салқын күнде сазара барбиып, ісініп тұр [М.Әуезов, 72 б.]; Үстінде **қалың күрең** шапаны бар (М.Ә.ІІ.146.); Әзімбай **қалың қызыл** қабағы сен **суық бітік** көзін әр кедейге оқша қадап қойды да, Мағашқа сөйледі [М.Әуезов, 14 б.]; Ішігінің сәнін бұрама **күміс** түймеге орнатылған **үлкен** кесек **қызыл** маржандар ерекше ажарлап тұр [М.Әуезов, 17 б.]; **Салқын** түндерде шала ашып, саумалдау боп тұратын бір қымыздар болушы еді [М.Әуезов, 19 б.]; Енді салмақпен баяу сөйлеп, ақырын ғана **қоңыр** үн қатып, Мағашқа наразылық айтты [М.Әуезов, 21 б.]; **Үлкен** қамыс тегенеден, сылдырмақты күміс ожаумен құйылған көп **сары** тостағандағы қымыз Абайдың өзінен бастап, үй ішіндегі қонақтың бәрін жағалады [М.Әуезов, 19 б.]; Көкбай да бір **суық** сөз сөйлеген [М.Әуезов, 27 б.]; Дәрменді өз қасына отырғызып, қысырдың **қою** қымызымен сйлап отырып, қолына домбыра ұстата [М.Әуезов, 31 б.]; Оразбай **салқын** қабақпен, түкпірлі тәсілін ойлап қалғандай ашулы сөйледі [М.Әуезов, 32 б.]; Боран анық дәулескер, **қатты** дауыл, **ақ** түтекке айнала берді [М.Әуезов, 583 б.]; Баймағамбеттің көзі **өткір, үлкен көкпеңбек** [М.Әуезов, 236 б.]; **Ақ** жүрекке қанат бітіріп, ойды алысқа создырсын [М.Әуезов, 51 б.]; **Кең** маңдай, **қайратты**

жүзі көкшіл тартты [М.Әуезов, 43 б.]; Абай бір **кішкене** төбешікке қарай тартты [М.Әуезов, 6 б.]; Осы кезде крестьян начальнигінің алдына **әдемі сырлы, төрт қырлы сұлу** сандықша кеп орнады [М.Әуезов, 38 б.]; Бұның селдір **сұлу** сақалына, енді сәл ғана ақ араласқан [М.Әуезов, 7 б.]; Өзінің шарылдаған **қатты** үнімен дауылдап тұрып, іле жөнелді [М.Әуезов, 5 б.]; **Ақ** сақалы беліне түскен, **қалың түкті** қабағы **көк бурыл** мұртындай боп көзіне жеткен [М.Әуезов, 67 б.]; Сол көштің алдында ұзаңқырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның **жас** достары, кей ақын-әншілер [М.Әуезов, 4 б.]; **Салқын** түннің **қалың** шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына дейін суландырған [М.Әуезов, 4 б.]; Дәрмен **ұзақ** өлеңді түгел айтқан жоқ [М.Әуезов, 8 б.]; Бүгін де күз аспаны **күңгірт**, айнымалы **ала** бұлт болатын [М.Әуезов, 17 б.]; Оның үстіне Дәрмен бала соншалық **зерек, ыстық** жас болған соң Көркембай біржолата өз баласы етіп кетіпті [М.Әуезов, 55 б.]; Сауырының көз-көз теңбілі бар, жоны төңкерген тегенедей, **сұлу қара көк** атты Абай бір дос-жар адамынан қалап алған-ды [М.Әуезов, 52 б.]; Дауылды күні ылайланған **суық жойқын** көбік атып толқын ұрса, ортасында **кішкентай көк жасыл** арал қандай көз тартар еді [М.Әуезов, 52 б.]; Және өзінің мінуіне арнап, бұл өңірде сирек кездесетін, маңдай жақсы, **темір қара көк** ат жіберткен болатын [М.Әуезов, 52 б.]; Енді біразда үй ішіне **үлкен сары** тегенеге толы қымыз келіп, ас жаулық жайылғалы, жиын жүздері жадырай бастап еді [М.Әуезов, 46 б.]; Әлгі Түсіптің Мадияр дейтін, ана бір **қоңқақ** мұрын қу немесі «сүйінші» дейді [М.Әуезов, 29 б.]; Кейде ол **алпамсадай алып** денесімен сол жайды жан күйер жақындар арасында күйзеліп айтқан

шақтарында еңкілдеп жылап та жіберетін [М.Әуезов, 35 б.]; Ерекше **таза, күшті, мөлдір** үн анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр [М.Әуезов, 49 б.]; **Күрең** аттың екі жағында қампиған қоржын бар... [М.Әуезов, 261 б.]; Ол төбенің басына шыққанда, барлық аттылар сіл ғана томпайып жатқан **ескі** екі моланы көрді [М.Әуезов, 6 б.]; **Сұлу** жүзді, қиылған **қара** мұртты, **ақ сұр** жігіт домбыраны шешен сарнатып отырып-отырып барып, жортып бастап кетті [М.Әуезов, 50 б.]; Қаражан бұл кезде үйінен өзі шығып, қи әкелген **буырыл** сақал малшыға зекіп, әмір етіп тұр [М.Әуезов, 61 б.]; **Жас** шалғыны мол, **кең** қонысы – Барлыбайда отырған Абай ауылы [М.Әуезов, 103 б.]; **Кесек, сұлу** жүзді **ақ сұр** жігіт -- әнші Мұқа қазір «көріпкел» балгер пішінмен, жаңа ғана салған құмалағын шапшаң жинап жатыр [М.Әуезов, 104 б.]; Ол үй ортасына **сары** қидың отын жағып, үлкен қазан көтеріп, жаңадан сойылған тайдың етін түстікке асып жатыр [М.Әуезов, 17 б.]; Таң салқыны қазір **суық** желіне айналған [М.Әуезов, 4 б.]; Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таппай, елдің, ердің **жүдеу** күйінен де таппақ шарт [М.Әуезов, 8 б.]; Айнала **қалың** киіз, текемет, кілем тұтылған [М.Әуезов, 57 б.]; Бағанадан бергі Абай жауаптарының тұсында, от басынан бұрыла түсіп, Абайға суық, қырыс қарап отырған Әзімбай, енді **қатқыл** үнмен кекетіп, бір сөз тастады [М.Әуезов, 59 б.]; **Өткір шүңірек көк** көзі, **суық** қасы **көк** сұңқар қанатындай, жаба біткен жан екен [М.Әуезов, 67 б.]; Үстіндегі **қалың қара** жібекпен тысталған пұшпақ ішігінің айналасына **жалпақ** құндыз ұстатқан [М.Әуезов, 19 б.]; **Қара** жел қуған қаңбақ **кең** жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді [М.Әуезов, 4 б.]. **Ұзын, қоңыр** сақалына араласқан **күміс ақ** талдар ғана айқын

көрінеді [М.Әуезов, 41 б.]; **Мол** жастық, **қалың** көрпелі жертөсек пен айнала тұтқан **қалың** текемет, тұскиіз, кілемдер бар [М.Әуезов, 17 б.]; Шұбар мен Дәрменнің қолындағы екі **көк** қаршыға да молаға таман бас изей түсіп, оқыс бір аңды күткендей, қадалып қапты [М.Әуезов, 7 б.]; **Аласа** төбенің селеу мен көдесі қалтырай түсіп, бас шұлғып, баяғы бір **ескі** зардың болғанына куәлік айтқандай [М.Әуезов, 7 б.]; **Алтын сары** көздерін кірпік қақпай шаншылтады [М.Әуезов, 7 б.]; **Ауыр сұр** бұлттар біресе тауын бүркеп, біресе **биік** таудан асып аунап, қаланың үстін басады [М.Әуезов, 436 б.];

Осы келтірілген мысалдардағы белгіленген сын есімдердің бәрін талдай алмасақ та, соңғы төрт мысалдарды талдап көрелік. «Көк» қаршыға, «аласа» төбе, «алтын сары» көздері, «ауыр сұр» бұлттар – бұл сын есімдер тіркесіп тұрған есім сөздердің бірінші мысалда түсін, келесі мысалдарда түр-сипатын жай атап қана көрсетіп тұр. Ал шырай тудыру үшін жоғарыда келтірілген анықтама-тұжырымдардан байқағанымыздай шырайдың бар я жоғы белгінің, түр-түстің тағы басқа сапалық сипаттың артық я кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі қосымшалар жалғану арқылы анықталады. Ал бұл мысалдарда ондай белгі байқалмайды. Яғни, «жай шырай» деген шырай түрі емес, сын есімнің тұлғалық түрі болып қана саналуы қажет.

Ғалым Ғ.Мұсабаев: «Күрделі сын есім шырай емес» -- деген тұжырым айтады [24, 34] . Ал соны төмендегі мысалдар арқылы дәлелдейік.

Мысалы: *Ақ киімді, ақ сақалды, соқыр мылқау танымас ешбір жанды* [Абай, 59 б.]. *Жаманат сөз жасырылмас* [мақал]. *Естай көзі ойнақшыған ат жақты жігіт келді* [С.Мұқанов, 23 б.].

*Абайдың астында ақшыл сары жорға ат [М. Әуезов, 291 б.]. Мысалы: Ат кекіліне, жал, құйрығына **қызыл-жасыл** әлем байлаған, кең шанаға кілем ораған жүргіншілер [М.әуезов, 427 б.]; Кішілеу өткір қой көзді, **қызыл-күрең** жүзді Жамбыл ақын Әбсәметке мәлім еді (М.Әуезов, 434 б.). Бірақ бар жиында ең қалың молшылық, сарала қылыш асынған **қызыл-сары** тоқыма баулары айқыш-ұйқыш салбыраған полицейлер, урядник, стражник [М.Әуезов, 432 б.]; Тағы бір сөзім – астарында мінгенің кедейдің **жалғыз-жалғыз** қу шолағы ғой [М.Әуезов, 70 б.]; Қымбат қара ламбуктен тірсек жең камзол киген, омырауына алтын баулы сағат салған, келбетті **қызыл-сары** жүзді қалпымен Дәт әуелі Мағаш, Әбсәметке қайырлы болсын айтты [М.Әуезов, 434 б.]; Атыраптан бойы **асып қара қошқыл** түтінін будақтатып тұр ... [М.Әуезов, 328 б.];*

Шынында да солай. Сын есім түбірі басқа сөз табымен араласа кірігіп, бірігіп бір сөз болып, күрделі сын есімдік мағынаны білдіреді. Ондай сөздердің біреуінің мағынасы басымырақ, енді біреуінікі әлсізірек бола береді. Біріккен екі сөздің мағыналық теңдігі міндет емес. Мұндай күрделі сын есімнің кіріккен түбірдің, мағыналық жағынан көбінесе, соңғысы басым болады.

Жоғарыда жай шырай сын есімнің басқа шырай формаларын жасаудағы негіз, таяныш тұлға болатынын айттық. Мұны кестеге салып көрсетейік:

Жай шырай мен салыстырмалы шырай

Жай шырай	Салыстырмалы шырай жұрнақтар	Мысалдар
қысқа, толық, жүйрік, жеңіл Қысқа, толық, жүйрік, жеңіл қу, боз, ақ, көк, қоңыр, қызыл	-рық, рек, -ырақ, -ірек -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу -қыл, -ғыл, -ғылтым, -шылтым, -ақ, -қай, -ғыш	қысқа-рақ, толық-ырақ, жүйріг-ірек, жеңіл-ірек қысқа-лау, толық-тау, жүйрік-теу, жеңіл-деу қу-қыл, боз-ғыл, ақ-шыл, көк-шілтім, қоңыр-қай, боз-аң, боз-ғыш

Жай шырай мен күшейтпелі шырай

Жай шырай	Күшейтпелі шырай	Мысалдар
Қысқа жеңіл толық жүйрік қалың	Күшейтпелі буындар арқылы (сын есімнің алғашқы ашық буыны алынып, оған «п» дыбысы қосылып күшейткіш буын жасайды)	қып-қысқа, жеп-жеңіл, топ-толық, жүп-жүйрік, қап-қалың, т.б.

Жай шырай мен асырмалы шырай

Жай шырай	Күшейткіш үстеулер	Мысалдар
жақын	ең, аса, тым, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, кілең,	ең жақын аса жақын тым жақын

	орасан, тамаша, тәрізді күшейткіш үстеулерді сын есімнің алдынан қою арқылы	нағыз жақын кілең жақын орасан жақын тамаша жақын
--	---	--

2.2 Шырайдың жалпы категориялық мәні

Қазіргі зерттеулерде тағы бір нақтыланбай тұрған сұрақ бар. Ол – осы шырай категориясы жұрнақтарының сын есімнің мағыналық түрлерінің қайсысына жалғанып, қайсысына жалғана алмайтыны. Соңғы еңбектерде шырай жұрнақтары тек сапалық сын есімдерге жалғанып шырай категориясын тудырады деген пікірлер бар.

М.Қараев былай дейді: «Шырай негізінен алғанда, сапалық сын есімдерге тән категория. Сапалық сын есімдер заттың түрі мен түсін, сыны мен сырын, сипаты мен тұрпатын, көлемі мен аумағын білдіреді» [23, 98].

Бұл жерде С. Исаевтың мына бір пікірін келтіріп кетейік: «Бірақ, біріншіден, сын есімнің бәрі бірдей, яғни сын есім сөз табына жататын сөздердің барлығы шырай тұлғаларымен түрленбейді, шырай тұлғалары кез-келген сын есімге жалғана бермейді. Мысалы, *жақсы – жақсырақ – жап-жақсы, үлкен – үлкендеу – үп-үлкен, сары – сарылау – сап-сары -- өте сары* т. б. болса да, *таулы* дегеннен *таулырақ*, не *тап-таулы*, *өте таулы* деп, *кешкі* дегеннен *кешкілеу*, не *кеп-кешкі*, *аса кешкі* деп, шырай түрлерін жасауға болмайды. Яғни сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауға болса, сын есімнің мағыналық тобының екінші тобы – қатыстық сын есімдерге шырай жұрнақтары

жалғана алмайды да, одан шырай түрлері жасалмайды» [26, 133]. Яғни, шырай категориясы жалпы сын есімге емес, сын есімнің бір ғана семантикалық түрі – сапалық сын есімге ғана тән. Зерттеуші Ә.Ақкөзов сапалық сын есімдерге қатысты мына пікірді айтады: «Сапалық сын есімдер қосымшасыз тұрып, семантикасы жағынан тікелей заттың сынын білдіреді. Сапалық сын есімдердің морфологиялық сипаты – шырай қосымшаларымен, тұлғаларымен тұрмыс алуы. Сапалық сын есімдер негізгі түбір сөздер болып келеді», -дейді (38, 130).

Бұған бірнеше мыалдар келтіріп көрелік. Мысалы: Мысалы: **Қою қара** мұрты тықыр біткен, **өткір, кішілеу** көзді жүргінші Әбді дейтін Жігітек екен [М.Әуезов, 12 б.]; Шаштары **қоңырқай**, көздері **үлкен**, мұрындары көтеріңкі, бойы **ұзындау**, тік біткен (м.ә. 140б.); Асанның **кішірек** келген **көкшіл** көздері кішірейе түсті [Х.Есенжанов, 334б.];-- Шешеме тартыппын. Бірақ шешем, менен анағұрлым **сұлуырақ** [Ғ.Мүсірепов, 342 б.); **Төменірек** жалақы алатын қазақ жұмыскерлеріне үстіміздегі айдың екінші жартысынан бастап күніне жиырма бес тиын үстеме қосылады [Ғ.Мүсірепов, 315 б.]; -- Таң ертеңгіден **жылырақ**, түс кезіндегіден **суығырақ**, -- деді [Ғ.Мүсірепов, 351 б.]; Екінші – біртектес қара жұмыстағы орыс-қазақ жұмыскерлеріне – орысқа **көбірек**, қазаққа **кемірек** – жалақы екі мөлшерде болмақ [Ғ.Мүсірепов, 291 б.); Мамайдың **ең үлкен** руы – Мырзаның бай-бағланын және шақырды [М.Әуезов, 401б.]; Сөйлегенде тілі де дөрекілеу, үні де жуан ... сабырлы мінезді, берік жанның елжірегеніне басқалары да қосыла толқыды, **аса ыстық** сезіммен кезек-кезек келіп оның қолын қысты ... [Х.Есенжанов, 62 б.]; Павлов әкелген осындай үмітке толы ойларын Абай көңілінің ендігі

жүдеу күйіне алыс та болса, **өте жарық** қуаныш сәулесін салғандай болады [М.Әуезов, 572 б.]; Ол, жазуы **өте сұлу** және кітапқұмар, талапкер жас [М.Әуезов, 559 б.]; **Аспан сұп-сұр** [Х.Есенжанов, 128 б.]; Шыдайды, әлі бүлдіршіндей **жап-жас** емес пе? [М.Әуезов, 151 б.];

Осындағы кіші-леу, қоңыр-қай, ұзын-дау, кіші-рек, көк-шіл, сұлу-ырақ, төмен-ірек, жылы-рақ, суық-ырақ, көп-ірек, ең үлкен, аса ыстық, өте жарық, өте сұлу, сұп-сұр, жап-жас шырай түрлеріне түрленіп тұрған сын есімдер барлығы сапалық сын есімдер. Яғни жоғарыдағы тұжырым дұрыс дейміз. Алайда тағы да мына мысалдарды көрейік.

Мысалы: Ертеден ауылдан ауылға шапқылаған Маймаковтың кеше таңертең мінген **мәштектеу** аты бүгін едәуір салығып қалған [Х.Есенжанов, 300 б.]; Сөзге ұтымды, сырт көрінісі салмақты болғанымен әкесінің мінезі **күйгелектеу**, амалы ұшқыр жан-ды, айтарын айтып тастайтын, ойлағанын тез істеп жіберетін адам еді [Х.Есенжанов, 30 б.]; Бұл жолы **тым жадағайлау** екен ... [Ғ.Мүсірепов, 200 б.]; **Көселеу** ақсұр жүзді Мағашта, кішкене нәзік денелі болғанмен, аса бір кең адамгершілік, мінезділік бар [М.Әуезов, 212 б.]; Рақышпен **жастау**, **көселеу** бір болыс екеуі мына екі жігітті жағалап кеп, жаңағы естігендерін қайта сұрастыра бастады [М.Әуезов, 276 б.]; Нілдінің Фармері сияқты **салғырттау** ақсүйектердің есін жината кеткен де теріс болмас [Ғ.Мүсірепов, 297 б.]; Ал мына кісі **кербездеу**, **маңғаздау** әйел [Х.Есенжанов, 262 б.]; Бар жайды сонша кең, терең түсінетін **аса білгір** адам екен [М.Әуезов, 108 б.]; Сол үшін де Павлов Абайға бүгін баян етіп отырған жайларын көптен сақтап, **аса ғажап** дос хабарындай алып келген (м.ә. 522б.); Бірақ **өте**

сенгіш, және көңілшек жан [Х.Есенжанов, 51 б.]; Донда Краснов көтерілген, мына жерде Дутов бар және **ең опасыз** жау шетел интервенттері [Х.Есенжанов, 53 б.]; Өйткені ең үлкен ел – орыстың **ең өнерлі** қаласы Петербургтен қазына алып қайтқан жан еді [М.Әуезов, 444 б.]; Дайыр Оразбайдың аталас, ауылдас жақыны болған да және ағайын ішінде **аса сырлас**, көңілдесі [М.Әуезов, 355 б.]; Малдыбай деген кісі **өте балықшы** адам еді [Х.Есенжанов, 158 б.]; Бұлардың артында, есік алдында оннан **аса жұпыны** киімді момын жүзді арызшы жандар, үйге кірмей ашық есіктен бас иіп қана жандарал жүзіне қарасып тұр [М.Әуезов, 279 б.]; Ғажап, қазақтың ұшы-қиыры жоқ жалпақ сахарасының жері жетпегендей, хохолдармен шекарадағы тілдей жерлерді даулайды,-- деді Құрбанов төреге керексіз әлдеқайдағы әңгімені ең қажетті нәрседей етіп бастап [Х.Есенжанов, 118 б.]; Жайлаудағы **ең төргі** өріс пен күзектегі ең жырақ, шеткі қоныстар Құнанбай ауылдарына қарайды [М.Әуезов, 56 б.]; -- Бәрі де мүмкін нәрсе,-- деді ол, қабағын керіп,-- бірақ маған түсініксіз нәрсе мынау: сіз **өте бимағлұм** нәрселерді сұрайсыз [Х.Есенжанов, 120 б.]; Есіл-Нұра өзендерінің байлары **өте бай** жерлер [Ғ.Мүсірепов, 252 б.];

Жоғарыдағы мысалдарды жеке алып қарайық: мәштектеу, күйгелектеу, жадағайлау, көселеу, салғырттау, кербездеу, маңғаздау, аса білгір, аса ғажап, өте сенгіш, ең өнерлі, аса сырлас, көңілдес, өте балықшы, аса жұпыны, ең қажетті, ең төргі, ең жырақ, өте бимағлұм, өте бай. Осы мысалдардағы сөздердің түбірі мен жұрнағын айырып қарайық: мәштектеу – мәштек, күйгелектеу -- күйгелек, жадағайлау -- жадағай, көселеу – көсе, салғырттау -- салғырт,

кербездеу -- кербез, маңғаздау – маңғаз; Бұлардың бәрі де мағынасына қарай қатыстық сын есімдер болып тұрса да, -теу, -лай, -лей, -тау, -деу салыстырмалы шырай жұрнағына түрленіп тұр. Келесі біл-гір (етістіктен сын есім жасалып тұр), сен-гіш (етістіктен сын есім жасалып тұр), өнер-лі (зат есімнен сын есім жасалып тұр), сыр-лас (зат есімнен сын есім жасалып тұр), көңіл-дес (зат есімнен сын есім жасалып тұр), балық-шы (зат есімнен сын есім жасалып тұр), қажет-ті (сын есімнен сын есім жасалып тұр), төр-гі (зат есімнен сын есім жасалып тұр) және ғажап, жұпыны, жырақ, бимағлұм, бай – бұлардың алғашқылары туынды , ал соңғылары негізгі қатыстық сын есімдер бола тұра, сын есімнің асырмалы шырай түріне түрленіп тұр. Бұл жерде тағы да Ә.Ақкөзовтың пікірін келтірейік: «Сондай-ақ оларды ажыратуда шырай қосымшаларын қабылдау, қабылдамауын негізгі өлшем етіп алу орынды, алайда, кейбір қатыстық сын есімдердің де шырай көрсеткіштерімен түрленетіндігін ескерген жөн», -- дейді де мына мысалдарды көрсетеді: ақылды, ақылдылау, ақылдырақ [38, 131]. Бұл жөнінде С.Исаев мұндай сын есімдердің шырай формаларымен түрленуін олардың қатыстық мәнді ғана білдірумен шектеліп қалмай, екінші бір заттың сапалық сипатын білдіруге ауысқандығымен байланыстырады (26, 138). Жоғарыда келтірілген « Сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауға болса, сын есімнің мағыналық тобының екінші тобы – қатыстық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алмайды да, одан шырай түрлері жасалмайды» деген тұжырым жоққа шыға ма? Әлде бұл анықтама сын есім шырай түрінің тек екі түрі – салыстырмалы және асырмалы түрлеріне сәйкес келмей

ме? Бұл әлі де шырай категориясы зерттеу жұмысын қажет етеді деген тоқтамға әкеледі.

2.3 Шырай түрлеріне қатысты жұрнақтардың сипаттамасы

-рақ/-рек

Жұрнағы сын есімге, оның ішінде байырғы, белгі-сын есімдеріне қосылады. Мысалы: *қызыл-қызыл-ырақ, көк-көгірек, ақ-аңырақ*. Бұл жұрнақ басқа сөз таптарына тән сөздерге тікелей қосылмайды. Өзі жалғанатын, қосылатын сөз ең алдымен сын есімге айналуы қажет. Содан кейін ғана -рақ/-рек жұрнағы жалғанады. Мысалы: Бірақ, -- деді Ниетқабыл, -- су дүниесінен адамның жүрек дүниесі анағұрлым **сырлырақ**, анағұрлым **күштірек** қой (Ғ.Сл.); Мысалы: *Степняктің ескі кадрларынан біздің **көбірек** кеңескен адамымыздың біреуі – Есімов Ақан [Қазақстан]; Махамбет образы Исатайдың образынан **өзгешерек** [Ғ.Мүсірепов]; Малдардың реңкі де **басқашарақ** екен [Қазақстан]*.

Бұл мысалдардан «-рақ» жұрнағы басқа сөз табынан жасалған үстеулерге де қосылатынын аңғаруға болады. Бұл, әрине, кездейсоқ факті емес, үстеу мен сын есімнің қызметтері жағынан жақындығынан туған факты. Өйткені сын есім затты анықтаса, үстеу қимыл-әрекетті анықтайды. Мұндай жақындық

орыс тілінде де бар екенін орыс грамматистерінің көпшілігі әлдеқашан айтқан болатын. Сөйтіп, шырайлық тууға негізінен сын есімге тән бола тұрса да, кейбір үстеу сөздерге жалғанатындығының себебі: үстеу сөздерге шырай мағынасын тудыру үшін емес, оның синтаксистік атқаратын қызметіне байланысты. Әрине, үстеу негізінен атрибуттық қатынасты аңғартады. Демек, үстеулер көбінесе сөйлемнің баяндауыш мүшесін пысықтайды. Бұл «пысықтауыш» және «анықтауыш» дегендердің айырмасы біздің шартты берген ұғымымызда ғана, олай болмағанда екеуінің арасындағы айырма шамалы ғана.

Сондықтан, «-рақ/-рек» жұрнағы сын есімдерге де, үстеулерге де жалғанғанымен негізінен алғанда сын есімнің жұрнағы деген дұрыс.

Қорытынды: 1. -рақ/-рек жұрнағы негізінен сын есімнің жұрнағы. Бұл жұрнақ қосылған сөздеріне шырайлық мағына жасайды да, сапаның артық, кем дәрежесін көрсетеді. 2. Бұл жұрнақ жалғанған сөз сөйлемде, көбінесе, шығыс жалғаулы сөзбен байланысады. Ал, салыстырылатын зат сапасының нақты, көзбе-көз болуы да, ойда болуы да шарт емес. Салыстырмалы шырай осы күнгі әдеби тілімізде аса жиі қоданылады және негізгі сын есімдерге де, басқа сөз таптарынан (жұрнақ арқылы) жасалған туынды сын есімдерге де жалғанады. Көлемі мол, жиі қолданылатын шырай түрі осы салыстырмалы шырай жасайтын «-рақ» жұрнағы.

Бәсең, яғни салыстырмалы шырай

Шырайлық дәрежені солғындай көрсететін шырай түрін бәсеңдік (салыстырмалы) шырай дейміз. Мұның

морфологиялық тұлғасы – дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу жұрнақтары.

дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу жұрнақтары арқылы салыстырмалы шырайдың жасалуы туралы: проф. С.Аманжолов, проф. С.Кеңеспаев, проф. Н.Сауранбаев салыстырмалы шырай жұрнағы екендігін айтады. Бұл, негізінен дұрыс. Салыстырмалы шырайына жақын екені рас, бірақ, екеуі бір емес. Бұл шырай салыстыруды бәсең, әлсіз көрсетеді. Мысалы: *Өзі ұзындау, өзі бейғамдау Әбзи деген жолдасымыз бар* [Ғ.Мүсірепов].

Осы мысалдардағы «-лау» жұрнақтары заттың түрінің болсын, көлемінің болсын аздық дәрежесін көрсетіп тұр.

Бұған қарағанда, бұл «-дай,-тау» жұрнақтары бір нәрсенің сапасын басқа бір заттың біркелкі сапасымен салыстырғанда, тап басып көрсете алмай қаралас екендігін, оның бір жағынан солғын екенін байқатады. Осы жөнінде өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ проф. Мелиоранский өзінің еңбегінде осы – «-дау,-тау,-лау» жұрнақтары арқылы жасалатын шырай туралы айтқан болатын. Катаринский: «приставка» -лай,-дай, -тау имена прилагательным придает значение уменьшительного, например: «тар – тесный, тарлау –тесноватый, сары – желтый, сарылау – желтоватый, жасыл – зеленый, жасылдау – зеленоватый» -- дейді. Ал, біздің заманымызда бұл жұрнақтардың көлемі кеңіп, өркендеуіне кең өріс алғаны байқалады.

1. Бұл жұрнақтар негізгі түбірге тікелей жалғана алады. Мысалы: *Сөйтті де Жүністің өңшең аң терісін тиеген **биіктеу** арбасына, дөңгелекке басып қарғып мінді* [М.Әуезов, 501 б.]; *Енді бір кезде төбесі жабық аласа қораның **кішілеу** қақпасына*

кеп тоқтады [М.Әуезов, 294 б.]; Енді біразда бәрі де: «Атқа қон!», -- деген сөздерді ести бере соңғы рет төс айыл, шап айылдарын нықтап тартып алысып, жүгендерінің сағалдырықтарын қараңғыда қолмен сипалап анық бекітіп алысып, тымақтарының құлақтарын байлап, кейбіреулері **қалыңдау** шапанының оң жақ жеңін белбеумен қоса тартып, оң қолын босатып алып, тықыршық атқан, жер тарпыған, шыр айнала елеңдеген жүйріктеріне міне-міне сарт-сұрт аттаныса берді [М.Әуезов, 156 б.]; Бірден көз тартпайтын **жұқалау** қабағы да сырға толы [Т.Ахтанов, 56 б.];

2. Басқа сөз табынан сын есім жасайтын жұрнақтардан соң жалғанады. Мысалы: -- ... Петр Астафьевич Дмитриев мен болам, шүбәланбаңыз, -- деді ол әйелдің **сенімсіздеу** көзбен қарап тұрған ойын сезіп [Х.Есенжанов, 54 б.]; -- ... Әлде саудамен барып қыстап қалдыңдар ма? – деді ақ көңіл, **асығыстау** адам үй иесі [Ғ.Мүсірепов, 368 б.]; Ішкі есік жақтағы қараңғылау бұрыштан мосқал әйелдің **әлсіздеу** даусы шықты: -- Ойбай-ай, құдайды ұмытпаған қайсың барсың? [Ғ.Мүсірепов, 274 б.]; **Толықтау** қарнын көлденең буған оқа белбеу [М.Әуезов, 271 б.]; Дыбысқа құлағын түре ол он шақты адым ілгері аттап, **шаппалау** жерде қармақ салып отырған баланың өзін де көрді [Х.Есенжанов, 263 б.]; Күн аяз емес, бірақ **мазасыздау** қыстың салқын желі арттан соғып, аттардың құйрығын, жалын шалқыта үйіре түседі [М.Әуезов, 95 б.]; Шай аяқтала бергенде жартылай **қалашалау**, жартылай **қазақшалау**, бастарындағы төбетейлеріне қарасаң, жартылай **татаршалау** деуге де болатын екі жас мұғалім келіп кірді [Ғ.Мүсірепов, 194 б.];

3. Бұл жұрнақтар басқа бірен-саран есім сөздердің де түбіріне тікелей жалғанады, ондайда ол есімдердің мағынасы сын есімге айналып, қызметі жөнінен атрибуттық қалыпқа көшеді. Мысалы: *Өзі алдағы **қыраттау** бір тұсқа көз салып келе жатыр еді* [М.Әуезов, 9 б.]; *Оралдағы бір өндірістен босаған, кеудемсоқ, **ұрда жықтау** адам болуы керек, қол алысып жатып жұмысын айта бастады* [Ғ.Мүсірепов, 175 б.];

-дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу жұрнағында салыстырудың екі жолы бар. Бірі – салыстырылатын зат сапасы қойылып, салыстырылатын заттың нақты бірге айтылуы да, оның айтылмай жалпы алынуы да мүмкін. Екіншіден, конкрет түрде бір нәрсенің сапасынан емес, жалпы зат сапасының, жалпыға мәлім жағдайда белгілі бір сапа дәрежесі айтылмай, тұтас сарын ретінде қолданылуы да мүмкін дейміз.

Келесі топ шырай жұрнақтарын ғалым Ғ.Ғ.Мұсабаев «шағын» шырай десе [24, 34], соңғы зерттеулер бойынша С. Исаев «сапалық сын есімдерге ғана жалғанып, салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар» деп атайды [26, 140]. Қазақ тіліндегі зерттеу еңбектерде бұл жұрнақ негізінен сын есімнің салыстырмалы шырайын тудыратын формалар ретінде көрсетіледі. Ғ.Қалиев: «Қазақ тіліндегі -лау (және оның варианттарын) жұрнақты сөздердің кездесуін айтады (43, 131).

«Қазіргі қазақ тілінің» ғылыми грамматикасында бұл жұрнақ -ау/-еу жұрнағының варианты ретінде талданып, оның мекенді (*жайлау, қыстау, күзеу*), қимылды (*сүйеу, сызғылау*) білдіретін зат есімдер жасайтыны айтылған.

«ҒЫЛ» жұрнағы

Мысалы: *Аласа **бозғыл** беткейді толтыра жатқан бір қора қой* [М.Әуезов, 1486.];

«ҒЫШ» жұрнағы Бұл жұрнақ өте сирек қоданылады.

Мысалы: *Өңі тотыққан, қолы жарылған, қырма шоқша сақалы да күнге күйгендей **сарғыш** күрең Жүніс, Сейттің сөздерін жымия тыңдады [М.Әуезов, 501б.]; Кеше қонақтар келерде кермеде ерттеусіз тұрған қара жал, қара құйрық ақ **сарғыш** ат бүгін әсем ерттеліпті [М.Әуезов, 110 б.];*

«ҒЫЛТ» жұрнағы Мұның өте көп жалғанатын сөздері – «қызыл», «сары» деген сөздер. Онда да сол сөздің «қыз» деген түбіріне жалғанады да, өлі жұрнақ «ыл» түсіп қалады.

Мысалы: *Жұқа ерін, **қызғылт** жүзді, сәнді киінген жас жігіт өзгеше сұлу көрінеді [М.Әуезов, 106 б.]; Еркін шабытты жүзіне жас шағының ажарлы **қызғылт** нұры шыққан Базаралы үп-үлкен, кесек сұлу кескінде [М.Әуезов, 101б.]; Қуаты толып, ақсұр жүзіне ажарлы **қызғылт**, ұнамды ірең білінді [М.Әуезов, 504 б.];*

Басқа түстерге де жалғанады: *Көше бойының іркімен **қызыл-сарғылт** суы шалпылдап ат бауырына соғады да, тіктеп тиген тұяқтар сусыз жердің көк соқта қарын шеңгелдеп лақтырады [Х.Есенжанов, 111 б.]; Дмитриев орнынан асығыс түрегелді, оның **сұрғылт** жүзі көкшілденіп кетті [Х.Есенжанов, 20 б.]; -- Әкел бері, сен тағы жарасың біреуін,-- деп үлкені зеки сөйлеп, інісінің қолынан үйректің сопақшалау келген **бозғылт** жұмыртқасына лық толы құлақшынды алды да, өз етегіндегі ұп-ұсақ шұбар жұмыртқаларды кішкене баланың қос-қолдап ұстаған етегіне ақтара салды [Х.Есенжанов, 208 б.]; Қаленнің маңдайы сияқты, бөрік қасқа бас емес; бөрік астынан ырған бастың көкшіл құйқасы көрінеді, жүзі **ақшылсұрғылт**, үлкен көздердің аласы қарағанда жарқырай түседі [Х.Есенжанов, 224 б.]; Тұтқындар иін тіресіп отыр; көбі көйлекшең; баста қақаған*

суық үй қазір адамның буымен монша сияқты ысыған; тердің, темекінің, қайыс белбеудің иісі тамақты қырғандай қышқылт, әрі ауыр [Х.Есенжанов, 104 б.];

«-шыл/шіл» жұрнағы

Бұл жұрнақ негізгі сын есімге жалғанғанда ғана шырайлық мән туғызады. Ал егер басқа есімдерге жалғанса, бақа сөз таптарынан сын есім тудыратын жұрнақ болады. Мысалы: су-шыл – суда жүзетін адам, зат есімнен сын есім тудырып тұр.

Мысалы: Бұрқыраған **ақшыл** тозаң алысты көзден жасырған [Т.Ахтанов, 74 б.]; **Ақшыл** беті сұрғылт аспанындай, қара көзі ойнап шыққан қара бұлттай [Ғ.Мүсірепов, 379 б.]; Бір топ әйелдің алдында келе жатқан Шарипаның өңі **ақшыл**, ажары тәуір болатын [М.Әуезов, 419 б.]; Өзеннің ортасы сары қар да, екі көбесі жібіп қатқан **көкшіл** мұз [Х.Есенжанов, 47 б.]; Көкжиек **қоңыр-көкшіл** қалың күңгірт болуға ауысқан [М.Әуезов, 456 б.]; Өткір, **көкшіл** көзі бұрынғысынан да шығыңқы жанарында от ойнайды [Ғ.Мүсірепов, 241б.];

«-ілдір» жұрнағы

Тек қана «көк» деген сын есіммен қосылғанда ғана шырайлық мән береді.

Мысалы: Қадала қарағаннан жасаурап кеткен көзін жеңімен сүртіп жіберіп, Құбайра қайтадан бақыға Абылаев ат үстінде тізгін тартпастан кеудесімен бұрылып кері қараған сияқтанды, **көгілдір-ақшыл** түтін бұрқ ете қалды [Х.Есенжанов, 330 б.]; Бала аздап тағы қарсылық қимыл көрсетті де, кәрі әжесінің шимайлаған **көгілдір** бетінен ең керегін жаңа тапқанындай қадала қарап, опырыла бастаған тіссіз аузына қолын созды [Х.Есенжанов, 39 б.]; Керосин шамның сарғыш жарығы бұрыш-

бұрышқа күңгірт көлеңке шашқан, сәкіде отырған адамдардың жүздері **көгілдір-сарғыш** көрінеді [Х.Есенжанов, 58 б.].

«-ша/-ше» жұрнағы

Бұл жұрнақтар шырай түрін жасай да алады және шырай түріне түрлендіре алмайды да. Бірінші қызметіне мысал: Аппақ сүйрік, **ұзынша** саусақтарын біртіндеп көз алдынан өткергендей [М.Әуезов, 143 б.]; Дәл жандаралдың сол жағында «керегім бола ма?» деп, ентелеп келе жатқан аласа бойлы, **семізше**, шардақы денелі, таңқы мұрын, бітік көз қазақ тілмашы бар [М.Әуезов, 272 б.]; Ұзын, **арықша** жақтар солыңқы, үлкен құлақтың сырғалықтары бозарып солынып тұр [Х.Есенжанов, 322 б.]; Абай Юнуспек Халфенің жұқалаң, кішкене денесі мен сұлуша ақшыл-қызғылт жүзін аңдап отыр [М.Әуезов, 387 б.]; Қиылған жіңішке қастары сәл ғана діріл ете, қозғала түсіп, Мәкен **әдеміше**, кішілеу, ойлы қара көзін қағазға үңілтеді [М.Әуезов, 411 б.]; Сол сәтте **толықша**, кішкене аузы сәл ашыла түсіп, сол жақ езуі үнсіз ғана жымиғаны білінеді [М.Әуезов, 411 б.]; Шаш реңінен өңі басқа, үлкен нұрлы, **сұрша** көзі бар сұлу сәнді қыз [М.Әуезов, 140 б.]; Соншалық зор, сұлу даусы болмаса да, **орташа**, қоңыр, майда, үні бар Сеит, бұл тыңдаушыларына анық өнерпаз көрінеді [М.Әуезов, 505 б.]; **Ұзынша** кең бөлменің төріндегі көк мауты жапқан ұзын столдың ар жағында сары сақалды, қасқа бас, көзілдірікті, сарала түймелі келісті адам отыр екен [М.Әуезов, 398 б.]. Бұл мысалдар -ша жұрнағы шырай категориясын жасап тұр. Ал екінші қызметіне: Арқалаған жүгі бар, ашаң бет, шоқша сақалды біреу келді [С.Е.]; Орта бойлы кең жауырынды күшке біткен тұлғасы бар **дембелше** жас жігіт колхоздың трактор бригадасының бастығы еді. **Дембелше** орта бойлы

бурыл сақал [А.Т.]. Бұл айтылғандардағы -ша формасы сөздердің белгілі бөлшегі болып қалыптасып, тұрақты бөлімге айналған, ешқандай екі заттың белгілерін салыстыру білінбейді.

-қай, -аң, -қыл жұрнақтары

Бұл жұрнақтар сөзден сөз тудыратын, жаңа жұрнақ болумен қатар, сын есімнің шырай категориясына айналып бара жатқан қосымша екені мына мысалдардан көрінеді: *Таң шапағындай қызыл арай, Мәкеннің тап-таза **жұқалаң** біткен **қоңырқай** жүзіне лап беріп, шығатын да, тез толқып, оның нәзік жүзін, шыншыл жүзін сәл ағарта түсіп жасырына кететін* [М.Әуезов, 365 б.]; *Жағасын **қоңырқай** барқытпен кең қайырған* [М.Әуезов, 136 б.]; *Осындай шақта қаланың шетіне жаңа ғана кірген жолаушылар бірнеше жалпақ төбелі **қоңырқай** үйлерден айналып өтті* [М.Әуезов, 294 б.]; *Бар жүрегі, зейінімен Мағрипаның ақ жүзін ғана, **қоңырқай** қолаң шашын ғана көргендей* [М.Әуезов, 143 б.]; *Онда: жіңішке, сұңғақ бойлы, **ашаң**, жұқалаң жүзді сұлу әйел, махаббат жолына ең тұрақты сезім иесі болады депті* [М.Әуезов, 366 б.]; ***Ашаң** салқын жүзді Қаражан, бұл күнде кексе тартқан* [М.Әуезов, 226 б.]; *Содан бері Нілдінің бастығы **қартаң** инженер Шульц маған екі мылтық беріп қойды – біреуге атылатын шын мылтық, біреуі анау тұрған арғысы бояп қойған ағасы мылтық* [Ғ.Мүсірепов, 139 б.]; *Күзектің суық **сұрқыл** жүдеу бір күні бүгін Қашамада отырған Тәкежан аулының үйінде тұр* [М.Әуезов, 56 б.].

Келтірілген мысалдардағы жұрнақтарда сын есімнің шырайлық категориясының мәні барлығы байқалады. Өйткені ол жұрнақтар сөздің негізгі мағынасын (лексикалық) өзгертіп

тұрған жоқ, сапаның сандық өзгерісін көрсетіп тұр. Мұндағы «қоңырқай» мен «қоңыр», «ашаң» мен «аш», «қартаң» мен «қарт», «сұрқыл» мен «сұр» -- бір емес. Бұлар «ақшыл» мен «ақ», «көкшіл» мен «көк», «бозғылт» пен «боз» сияқты.

Қалиев Ғабдолла «Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері» еңбегіндегі зерттеуге сүйене отырып бұл жұрнақтар жөнінде тағы да мынаны қоса аламыз: бұл негізінде есімдерге қосылып, жетімсіздік, солғындық, бәсеңдік мағынасындағы есімдер тудыратын жұрнақ. Қазіргі қазақ тілінің ғылыми грамматикасында ол -ан/-ен/-н жұрнағымен бірге қаралады: жылан, қазан және сындық атаулар тудыратынын да айтады: *бозаң (бос, нашар), жазаң (жазық)* [43, 96]. Бұл жерде аймақтық қолдану, диалектілік ерекшеліктегі сөздерді нақтылағаны көрініп тұр.

Бұларға қоса ғалым Қалиев Ғабдолланың «Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері» еңбегінде айтылған тұжырымды қосуды жөн көрдім.

-қыл/-кіл, ғыл/гіл жұрнақтарының қазақ тіліндегі 2 түрлі атқаратын қызметін көрсетеді. Бірі – оңтүстік сөйленістерде жекеше 2-жақта етістік түбірлерге қосылып, бұйрық, тілек мағынасын береді (барғыл, келгіл). Екіншісі – есім сөз тудырады (бозғыл, қатқыл). Қазақ сөйленістерінде -қыл,-ғыл жұрнағы негізінен түбір сөздерге қосылып, процесс нәтижесінде туған заттық, сындық атауларды білдіреді [43,97].

«-ҚЫЛТЫМ» ЖҰРНАҒЫ

Бұл жұрнақты ғалым С.Исаев өз зерттеуі бойынша сапалық сын есімдерге ғана жалғанып шырай тудыратын жұрнақ деп береді. Ал ғалым Ғ.Мұсабаев былай дейді: «-қылтым жұрнағы «аш-қылтым, -тұшқылтым» деген сияқты

сөздерде ғана сирек қолданылады. Тәжірибеде, әсіресе, көркем әдебиетте қолданылмайтын, егер қолданылса, өте сирек кездесетін, тар көлемді қосымша деуіміз керек... » -- деп өз пікірін келтіреді [16, 185].

Қорытынды

Бұл диссертацияда есім сөз таптарының күрделі бір түрі сын есімнің лексика-семантикалық, грамматикалық сипаты, мазмұны баяндалып, сондай-ақ оның жалпы сөз таптарындағы және есім сөз таптарының ішіндегі грамматикалық белгісін, қызметін ашатын негізгі түрлену белгісі – шырай категориясы ғылыми тұрғыдан талданды. Шырай категориясының ғылыми-грамматикалық теориясын ашып, оның қалыптасу тарихын жүйелеу мақсатында және шырай жұрнақтарын тиянақтау, зерттелу дәрежесін айқындау жолында ғылыми әр алуан әдебиеттер қарастырылды. Әр ғалымның шырай категориясына қатысты зерттеген, жасаған тұжырымы сараланды.

Шырай категориясының ғылыми-грамматикалық теориясын ашу мақсатында диссертацияны талдау жолы бірнеше бөлім-тарауларға бөлініп отыр. Біріншіден кіріспе берілді. Кіріспеде зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті айтылды. Осы мақсатқа жету жолында негізгі бөлімде шырайға қатысты бірнеше сұрақ қарастырылды. Сын есімнің тілдік

сипаты мен шырай категориясының теориялық негізі сипатталды. Сын есімнің тілдік сипаты тарауында есім сөз таптарындағы сын есімнің орны айқындалды деп айта аламыз. Бұл ретте жалпы әр сөз табының өзінің ерекшелігі, яғни сөз таптарының ішінде өзінің алатын орны болады. Бұған сөз табының жауап беретін сұрағы, анықтамасы, грамматикалық белгілері, жалпы категориялыды мағынасы, сөйлемде атқаратын қызметі т.б. қызмет етіп, әр сөз табының өзіндік белгісін танытады. Сын есімнің осы қасиеттеріне тоқталдық. Ғалым К. Аханов, А.А.Шахматов, В.В.Виноградов, О.П.Суник, Ф.Оразбаева, Н.А.Оразахынова, Ж.Т.Исаев, Г.С.Сүлеева т.б. сын есімнің тікелей өзіне тән қасиеттеріне қатысты айтқан пікірлері келтіріледі.

Сонымен, сын есімнің өзіне тән белгілері ретінде: заттың түр-түсін, заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын, заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіретіндігі тағы бір тұжырымдалды. Көптелу, септелу, тәуелдену категорияларының сын есімге тән еместігін, заттың сынын, белгісін білдіріп, зат есіммен тіркесе айтылғанда, сын есімге жалғау жалғанбай, жалғау өзінен соңғы анықталатын сөзге жалғанатынын, синтаксистік қызметі жағынан негізінде анықтауыш болатынын, сын есім ешқандай қосымша қосылмай-ақ, негізгі түбір күйінде заттың қасиетін білдіретінін, морфологиялық тәсілмен арнаулы жұрнақтар арқылы өзге сөз таптарынан қатысты сын есім жасалатынын, қос сөздерден болатынын т. б. белгілерін атап, сын есімнің орнын айқындадық.

Осы тарауда шырай категориясы туралы сөз болады. «Жалпы шырай категориясы дегеніміз не? Зерттеушілер

қандай анықтама береді екен?» деген сұрақтар талданды. Ағылшын тілін зерттеуші А.И.Смирницкий, ғалым К.Аханов, А.Ысқақов, М.Қараев, С.Исаевтың шырай категориясына берген анықтамалары берілді. Ғалымдар анықтамаларының жалпы сәйкесетінін көреміз.

Осы тарауда шырай категориясы түрлерінің орыс, түрік, қазақ тіл білімінде зерттелу жолы айтылды. Ғалым Катаринский, қазақ тілінің грамматикасын жазған орыс ғалымдары Мелиоранский, Лаптев, Терентьев, Востоков, Павский, Давыдов, В.В.Виноградов, Греч, Н.А.Баскаков, Дыренкова, А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев, В.А.Богородицкий, Шапиро, А.М.Финкель, Н.М.Боженев, Д.Н.Ушаков, Л.И.Жироков, Пешковский, Бархударов, Богородицкий, А.С.Никулин, тағы басқа ғалымдарың жеке пікірлері келтіріліп, көзқарастары талданды. Әр ғалымның шырай категориясына байланысты жүргізген зерттеулерінің арқасында берген анықтамалары, шырайдың қалай пайда болғаны, бір ғалымның айтқаны мен екінші ғалымның зерттеуінің сәйкеспеуі немесе ғалымдардың бір-бірін толықтыруы туралы айтылды. Бұл жерде ғалымдардың ішінен профессор Богородицкий шырай категориясына байланысты өзіне тән ерекше көзқарасымен ерекшеленетінін анықтадық. ХІ ғасырдың бірінші жартысының өзінде тіл біліміне еңбегін қосқан әйгілі ағартушы Мелетий Смотрицкийдің берген анықтамасы айтылды. Осыған қоса ғалым С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, І.Кеңеспаев, С. Жиенбаевтың пікірлері талданды. Бұл қазақтың орта мектебіне арнап грамматика жазушылардың пікірлері жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерінен өзгешерек екенін байқадық. Осыларға қоса қарақалпақ, шор, татар, башқұрт, түркімен тілін

зерттеушілердің пікірлері келтіріліп, әр тілге қатысты шырай категориясының қанша түрі кездесетіні туралы айтылды. Және М.Қашғари, М.Томановтың тарихи тұрғыдан зерттеген тұжырымдары айтылды. Бұл тұжырымдардан біз шырай категориясының XIII-XV ғасырда ауыз екі сөйлеуде де, жазбаларда да қолданылғанын анықтаймыз.

Осы тарауда қазіргі уақытта ғалымдардың жеке көзқарастарына ілігіп жүрген шырай категориясының түрлері сөз болды. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты осы шырай категориясы теориясының қалыптасу жолын көрсетіп, түрлерін тиянақтау болғандықтан, әр ғалымның шырай түрлерін қалай бөлгенін айттық. Зерттеуші-ғалымдар А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, І.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, А.Ысқақов, М.Ә.Қараев, Ғ.Мұсабаев, С.Исаевтың шырайдың түрлерін қалай топтастырып атағандарын келтіріп өттік. Бұл бөліністердің тек аталып қана қоймай, іс жүзінде әдеби-көркем шығармалар тілінде міндетті түрде кездесетіндігін дәлелдеу мақсатында көркем шығармалар, публицистикалық газет-журналдардан екі мыңға жуық дерекмысалдар (картотекалар) терілді. Бұл мысалдар М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен әңгімелерінен, Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», Т.Ахтановтың «Боран», Ғ.Мүсреповтың «Жат қолында» романдарынан және публицистикалық газет-журналдардан терілді. Әр ғалымның тұжырымдары негізгі бөлімнің өзінде талданып кеткен болатын. Бұл жерде біз әр ғалымның бөлінісі терілген мысал деректермен дәлелденді. Яғни, әр ғалымның берген тұжырымын шырай категориясының түріне жатқыза аламыз. Байқағанымыздай бір зерттеуші екінші ғалымды толықтырып, керісінше біріктіруді керек етіп тұрған ұқсас шырай түрін

біріктіріп отырған. Сол себепті мүлдем шырай түрі бола алмайтын қосымша мен аталымды ешбір ғалым көрсетпейді. Бұл мәселе біз қандай шешімге келеміз, шырай категориясы теориясын, түрлерін қандай тұжырымға әкелуге болады деген сұрақтарға жауап іздеуге әкелді. Бір ғалым шырай түрлерін үшке, төртке, енді біреуі беске бөліп көрсеткен. Бұл да дұрыс шығар. Бұл жерде С.Исаевтың пікірін келтіріп кетелік. Ғалым шырайдың сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде екі-ақ түрін көрсетеді. Күшейтпелі шырай мен асырмалы шырайды біріктіреді де және салыстырмалы шырай деп басқа ғалымдардың айтқан бөліністерін жоққа шығармайды, ал солардың жиынтығынан тұратын шырайдың екі түрін көрсетеді. Тағы да айта кететін жай өзге ғалымдардың жалпы шырай категориясының қосымшаларына жатқызып, шырай түріне енгізген қосымшаларды С.Исаев болса тек сапалық сын есімдерге жалғанып, салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар деп бөліп көрсетеді. Негізінен бұл ғалымның зерттеуі проф. І.Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың мектептің 5,6 сыныбына арналған «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығында да шырай категориясының екі түрі көрсетілген, тек басқаша атаумен (талғаулы және таңдаулы) аталған. С.Исаевтың берген тұжырымы іс жүзінде дәлелденіп отыр. Қазір тіл білімінде грамматика-морфология саласында осы тұжырымға сүйенеміз.

«Шырай категориясының теориялық негізі» деген келесі тарауда «жай шырайды» шырай түріне жатқызуға бола ма, «шырай тек сапалық сын есімге тән категория ма екен» деген сұрақтар қарастырылды. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытындының бірі – шырай жасаудың негізгі жолы – сөз

мағынасында ашық көрінетін салыстыру болумен бірге шырайлық ұғымның анықталуы қажет. Онсыз шырай категориясы бола алмайды. Құр екі затты салыстырудан шырай категориясы тумайды. Өйткені жалпы адам баласының дүниетануы затты затпен салыстырудан шыққан. Бір нәрсені екіншісіне қарсы қойып тануды негізгі әдіс еткен. Бірақ бұл атау формада ешбір салыстыру жоқ, ендеше шырай емес, ақ, қызыл, сары дегендерде бұл күйінде шырай мағынасы жоқ. Сонда, сапалық сын есім тұлғасы мен жай шырай деген ұғым бір болса, ол бір ұғымды екі түрлі атағаннан не ұтамыз? Келтірілген мысалдардағы белгінің, түр-түстің тағы басқа сапалық сипаттың артық я кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі қосымшаларда ондай белгі байқалмайды. Яғни, «жай шырай» деген шырай түрі емес, сын есімнің тұлғалық түрі болып қана саналуы қажет. Еңбекте «жай шырай» деп аталатын сын есімдерде шырай мағынасы жоқ екені ашылды. Мектеп грамматикаларында жай шырай сын есімнің басқа шырай формаларын жасаудағы негіз, таяныш тұлға болатынын көрсету үшін беріледі. Алайда мектеп оқулықтарында жай шырайды шырай түріне жатқызу дәлелденбеген тұжырым болып шығады. Ендеше, жай шырай деп атауымыздың өзі хате екені айқын.

Шырай категориясы жұрнақтарының сын есімнің мағыналық түрінің қайсысына жалғана алады екенін нақтылауда пікірлер талданып, мысалдар келтірілді. Талдай келе, жоғарыда келтірілген «Сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауға болса, сын есімнің мағыналық тобының екінші тобы – қатыстық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алмайды

да, одан шырай түрлері жасалмайды» деген тұжырым жоққа шыға ма?» деген сұраққа тірелдік. Әлде бұл анықтама сын есім шырай түрінің тек екі түрі – салыстырмалы және асырмалы түрлеріне сәйкес келмей ме? Бұл әлі де шырай категориясы зерттеу жұмысын қажет етеді деген тоқтамға әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2003. – 387 б. б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -- 482 б.
4. Бондарко Александр Владимирович. Теория морфологических категорий. – Ленинград, Наука, 1976.

5. Никулин А. Степени сравнения в современном русском языке. – Москва, Ленинград, 1937. – 490 б.
6. Виноградов В.В. Русский язык (Грамматическое учение о слове) – Москва, Высшая школа, 1986. – 548 б.
7. Будде Е.Ф. Имя прилагательное, имя числительное, местоимение.
8. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – Москва: Учпед., 1957. – 187 б.
9. Современный русский язык. Морфология и синтаксис. (Сборник статей) Под редакцией проф. И.Г. Голанова. – Москва, 1964. – 256 б.
10. Янко-Триницкая Н.А. Русская морфология. – Москва, Русский язык, 1982.
11. Котлярова Т.Г. Словообразовательная парадигма антропонимических прилагательных в коммуникативно-прагматической перспективе. – Астана: Русский язык, 2001. – 229 б.
12. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1988. – 190 б...
13. Төлеуов Ә. Сын есімнің сипаттамасы//Қазақстан мектебі, №12, 1966. – 253 б.
14. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім категориясы. – Алматы, Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1963. -- 181 б.
15. Қазақ тілінің грамматикасы. – Т.1. – Алматы: Ғылым, 1967. – 295 б.
16. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп. 1998. – 290 б.

17. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы:Мектеп, 1998. – 320 б.
18. Томанов М. – Сын есімдердің сөз табы ретіндегі қалыптасуының кейбір ерекшеліктері//Қазақ тілі мен әдебиеті, 4-шығыуы. – Алматы, 1974. – 244 б.
19. Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002. – 210 б.
20. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Клапрат Г.Ю. Қазақ тілі жайында. – Алматы: Ғылым, 1993. – 180 б.
21. Бегалиев Ғ., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944. – 245 б.
22. Кеңесбаев І., Жиенбаев С. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, 1945. – 280 б.
23. Қараев М.Ә. Қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 149 б. б.
24. Мұсабаев Ғ. Ғ. Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1951. – 264 б.
25. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 153 б. б.
26. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 298 б.
27. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О., Алматы: Ана тілі, 1991. – 204 б.
28. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы: Қазмемоқупедбаспасы, 1961. – 123 б.
29. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Қаз ССРҒА, 1954. – 143 б.
30. Төлеуов Ә. – Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім мен сан есім категориясы. -- Алматы: 1971. – 283 б.

31. Оразахынова Н.А., Исаева Ж.Т., Сүлеева Г.С. Қазақ тілі: Сөзжасам. Морфология. – Алматы: Арыс, 2004. – 148 б.
32. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2002. – 206 б.
33. Айғабылов Айтбай. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, Санат, 1995. – 218 б.
34. Кітап 4. Жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының қазақ әдебиет және тіл мәселелері бойынша ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 1977.– 356 б.
35. Қазақ тілі және әдебиет мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілер жинағы, 6-шығуы – Алматы, 1967. – 380 б.
36. Қайдар Әбдуәли. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, Ана тілі, 1998. – 260 б.
37. Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз таптарының морфологиялық құрылысы. – Алматы, 1968. – 180 б.
38. Ақкөзов Ә.Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы және жүйесі (филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты). Алматы, 2004. – 231 б.
39. Қазақ совет энциклопедиясы, 12 том. Алматы, 1978.
40. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі. Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 148 б.
41. Бектұров Ш. Қазақ тілінің қолданбалы грамматикасы. Астана, 2003. – 219 б.
42. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алмаы: Ғылым, 2002. – 338 б.

43. Қалиев Ғ. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. Алматы: Ғылым, 2002. -- 325 б.
44. Тоқсанбаев Ә. Сын есімнің жалғаулары туралы. Халық мұғалімі, №5, 1940. – 198 б.